

ISSN 0134—3580

# Аннотации



9' 2006



## Жанат ЕЛШІБЕКОВ

### “Ой үстінде сорғалайды көз жасың...”

(Қойын дәптердегі жазбалар)\*

Күнде ертеңгілік жұмысқа келген бойда жігіттер сәлемді замответтің бөлмесінен бастайды. Үлкен-кіші бірдей. Мұнда бас сұқпайтыны кемде-кем. Жауапты хатшының орынбасары өзіміздің Сәбең — Совет Шиманбаев. Ал журналист ағайындардың таң атпастан жапырылып осында асығатын жөні бар. Газеттің күн сайынғы жаңа нөмірін іргедегі баспаханадан ертелетіп арнайы жеткізетін курьерлер Маша-апай мен Тұрсын кезегіне қарай Советтің кабинетіне бір бума ғып тастап кетеді. Оразасын газет оқумен ашатын журналистер бөлім-бөлім бойынша өздеріне тиісті “СҚ”-ның бояуы кеппеген бір-бір нөміріне ынтыға үңіледі-ай. Көздері — газетте, құлақтары — кіріп-шығып жатқан әріптестерінде. Қол беріп амандасқан Сәбең ешкімді елей қоймайды. Тұқшиған күйі макетін мықшындап айқұш-ұйқыш сызғылай береді. Бұған бәріміздің де егіміз үйренген. Кіреберістегі үстелдің үстіндегі газетімізді алып, бөгелместен кері шығамыз. Әрине, оқта-текте соңғы жаңалықтар мен әсек-аяндарды естіп, үйіріліп те қаламыз...

Әдеттегідей күндердің бірі-тін. Замответтің шөңк-шөңк еткен даусы лифтіден шығар-шықпастан анық естілген. Төменгі төртінші қабаттан көтерілген Кеңесхан, Әділ, Қуанбек, жоғарыдағы алтыншы этаждан түскен Сабыржан, Нұриден, тағы басқа да жігіттер ауыздарын аңыра ашып, кеу-кеукілдесіп жатыр. Бірін-бірі тыңдамай, шала естіген әңгімелерін қайтадан егжей-тегжейлі сұрап білгісі келді.

— Ойпырмай, ә?!

— О несі тун ортасында мазалап...

— Мұндай да ойын болады екен-ау?

— Қайдағы ойын! Жаңа айттым емес пе. Түп-тура түнгі сағат 2-де звондауын көрмейсіз бе? — Ашуын баса алмаған Совет болған жайды басынан бастап, асықпай баяндаған қайтадан. — Осы аптаның ортасында, ұмытпасам сәрсенбі күні болуы керек, жалғыз өзім телевизор көріп отырғам. Гүлім мен балалар ұйықтап жатқан. Телефон шылдыр ете түсті. Әуелде шошып кеткенім, бейуақытта мазалап жүрген кім болды, екен? Әлде, баспаханадан звондап жатыр ма екен? Дегбірсізденген күйде телефон құлақшасын көтердім. Жұмсақ майда дауыс:

— Советик! Иди по-писи и спи, — деген беймәлім кісі жөн сұрап үлгергепеді. Трубканы тез қоя салды. Сағатқа қарасам, тура түнгі екі. Менің ұйықтамай, хоккей көріп отырғанымды сезетіндей. Езу тарттым да, дүдәмал үнді қайта жаңғырта есіме түсірген қалпы, телевизордың даусын ақырындаттым. Бірақ... сезікті бейтаныс қайта телефондамады. “Әзілдесіп жүрген қалжыңкой достардың бірі болар...”

— Қызық екен!..

— Соны айтам да. Әлгі бейтаныс келесі күні тағы да түнгі екіде звондады ғой. Сол баяғы әуез: “Советик! Иди по-писи и спи” деп кідірмей тастай салады трубканы. Әзілдің де әзілі, қалжыңның да қалжыңы болады емес пе. Ертеңінде өзім сезіктенген, күдіктенген таныстарыма, құрдастарыма, түннің бір уағына

\*Соңы. Басы откен сандарда.

шейін менің спорт жарыстарын тамашалайтынымды білетін достарыма хабарластым. Бәрі ат-тондарын ала қашады. Иықтарын қиқаң еткізеді. Ерігіп жүр дейсің бе деп өзімді кінәлағандары да бар. Тапжылтпай ұстап алсаң бір сәрі. Олардікі де дұрыс. Мүмкін... Жоқ, әлгі қаскүнем ерінбей-жалықпай тағы да тура түнгі екіде жүйкемді жонғаны. Амалсыз шала ұйқы, мең-зең қалыпта КГБ-ға барып шағымдандым...

— Жөн болған! Не істеді олар? — деді Советтің сөзін шыдамсыздана бөлген Кеңесхан.

— КГБ-ның аты — КГБ ғой. Жаңа ғана солардан келдім. Түнде звондаған бойда ұстап алыпты. Енді сотқа бер деп отыр.

— Кім болды екен? — дедім мен де тағатсыздана.

Қатты ашуланғанда, біреуге ренжігенде қызара күреңітіп, көзі шапыраштынып кететін Сәбең булығып, тұтыға сөйлейтін мақамына салып:

— Кім болушы еді, атын айтпай-ақ қояйын. Білесіздер оны. Екіжүзді сөбака! Күн сайын бірге сыра ішіп, бірге преферанс ойнап жүрген көззап. Үйінің есік алдындағы автомат-телефоннан звондаған бетте қолға түсіріпті. Жүйкемді жеп, жүрегімді ауыртқан екіжүздіні не істесем екен, ә?!

Ол ашуын баса алмай үн-түнсіз отырды.

— Кім болды екен?..

Көмейлеріне кептелген сауалдарын сыртқа шығаруға батылы бармаған жігіттер де шетінен жылыстай берген-ді.

Мен де өз кабинетіме келдім. Неге екенін қайдам, жұмысқа зауқым жоқ...

\* \* \*

Екіжүзді...

Ол — жас таңдамайды, жынысқа қарамайды. Пақырың да, патшаң да... Әйелің де, еркегің де... Екіжүзді қоғам. Екіжүзді саясат. Екіжүзді адамдар...

Мынау жалған дүние тұрғанда, оның жансыз көлеңкесіндей бірге өмір сүре бермек. Өкініштісі де сол.

## Қуыс кеуде, кеуек бас мүсіндер мен мүскіндер

Қазақ сахарасындағы аламан той. Ғасыр тойы. Ұлы Абайдың 150 жылдығы Семей өңірінде басталып та кеткен. Алматыдан арнайы пойызбен келген қонақтардың арасында журналистер де жыртылып айырылады. Мерекелік шараның кестесі өте тығыз. Кездесулер, жүздесулер, ойын-сауықтар... Алаңдарда, көшелерде, театрларда, стадиондарда... Ең ақыры, Қара Ертістің үстіне, толқын жалына орнатылған алып сахнада тәулік бойына бір толастасайшы. Бағдарлама бойынша бәріне де үлгеру керек. Бірақ... адам баласы темір емес қой. Бірауақ дамылдап, аяқ жазғың келеді. Данышпан Абайдың табаны тиген киелі жерлерді өз бетіңше аралап, өз көзіңмен көруге ынтығасың. Осы оймен кезекті бір шарадан жылыстап, фототіліші Шүкір Шахай екеуіміз орталық көшені өрледік. Қарсы жолыққан бір топ журналистер жарыса тіл қатқан.

— Кешелі-бері неғып байқамағанбыз? Ертістің жағасында... міне, мына жерде ескерткіштер музейі бар екен. Соны көріп тамашалаңдар...

Әріптестеріміз нұсқаған бағытқа бұрылды. Жөпшендіге тамсана қоймайтын журналист-ағайындар бірденені біліп айтады-ау, осы.

— Әй, мынау өзі парк болмасын, — деді алға еміне ұмтылған Шүкір. — Қалалық саябақ қай маңда еді, білесіз бе?..

— Жоқ. Бұл жер емес секілді.

— Мейлі... Ойбо-оу, шетінен... тізіп қойыпты ғой...

Екі-үш қадам алға озған оның сөзін анық естімедім. Дабұр-дұбыр адамдар легі. Шек-сітелері қатқан бала-шаға. Бірі кетіп, бірі келіп жатыр. Айран-асыр топтың арасынан суырылып шыққан Шүкір шыртылдаатып суретке түсіре бастаған.

Тақағанда барып байқадым. Асфальтталған ашық алаңқайда үлкенді-кішілі, ұзынды-қысқалы өңкей ескерткіштер. Сорайған, қолын қусырған, белуардан

кескінделген қилы-қилы мүсіндер мен бюстер... Алқақотан шоғырланған ескерткіштердің нақ төрінде тұла бойы тұтас сомдалған күн көсемнің көк тіреген алып бейнесі. Баяғыша оң қолын алға сермеп тұр. Қайда? Кімге?.. Өзіне ғана мәлім. Кезінде обкомның қатулы сұр кеңсесінің алдындағы орталық алаңда асқақтайтын Ленин ғой. Сол қадым заманғы қалпы. Аңғарылған өзгешелігі, тас тұғырдан түсіп, жаяулап жер басып келеді екен. Ойында ештеңе жоқ, кішкентайлар қолынан ұстап мәз.

— Мұражайдың қызметшісі болар, — дегем әдеттегі экскурсоводтарша жағы-жағына тимей, автоматша сартылдаған жігіт ағасына тесіле қараған күйі. Сөздері түйеден түскендей. Дөрекі, құлаққа түрпідей тиеді-ау. Жалғыз қол. Жок, бір қолын ақ шүберекпен иығына асып алыпты. Шығарған, әлде сындырған ба? Көзінің шатынауына қарағанда, бұзық мінезді тасырлау жан. Қимыл-қозғалысы да, сөзі де бұлғаң. Мүмкін, әлдебір партияның, я болмаса демократиялық топтардың жалаңтөс мүшесі. Емін-еркін көсіледі-ау, шіркін. Тегін, ақысыз-пұлсыз таныстыру. Тек тыңдай беріңіз.

— Жолдастар, мына ортадағы ескерткішті өздеріңіз де таныған шығарсыздар. Қызыл төңкерісшіл, бір кездегі сүйенішіміз — Ленин көкеміз. Мағжан ақын айтқан “ешкі сақал көсем”. Жанында бес биенің сабасындай іркілдеп отырған Крупская анамыз...

Бейқам, сәл жымылып көз астымен қараған тас мүсінге назар аударған кейіпте шолақ қолға құлақ түргем.

— Мынау қою мұрт, мүштікті гүжбан — қанды қол Сталин. Қызыл балшабек. Сорайған сүмелегін — темір Феликс Дзержинскийдің өзі. Араларындағы емпендегені — Жамбыл бабам жырлаған темір үлестіргіш текесақал Калинин ақсақал.

Жиналған жұртқа гидтің сөзі жағып барады. Үйездеген үйме-жүйме топ аңтарылып тыңдаған.

— Ал, бері таман жақындаңыздар. Мешел баладай томсырайып, көкелерінің көлеңкесіне тығылып тұрған бұлар төңкерісшілердің күйыршықтары мен жендеттері — Киров, Куйбышев, Ждановтар...

— Коммунизмді көксеген, атақты жүгеріші Хрущев таз.

— Орден таққыш төрт мәрте батыр Брежнев.

— Тағы кім бар еді?..

Жасыратыны жоқ, жақсы мұражай. Ашық аспан астында. Қара Ертістің жағасында... СССР күйреп, бүкіл дүние өң мен түстің кейпіне көшкенде, жер-жерде революция қайраткерлерінің ескерткіштерін жаппай талқандау бел алғаны белгілі. Бір күнде керексіз боп қалған көсемдердің зәулім мүсіндері тас тұғырларынан құлатылып, күл-қоқыстарға лақтырылған. Тіпті, Ульяновск қаласында жиырма метрлік Лениннің алып қола ескерткішін бірнеше күн-түн зорға бұзып, іргедегі Волгаға оншақты трактормен сүйреп апарып тастағаны жайында, Лекеннің басы судан шығып көрініп жатқаны жайында “Комсомолка” мысқылдап жазған-ды. Оған қарағанда, мұның шүкіршілік те, имандылық та. Облыс басшысы демократ Ғалымжан Жақияновтың тікелей ұсынысымен Семей қаласындағы қызыл төңкерісшіл балшабектердің ескерткіштері тарих-күәсі ретінде оқшауырақ бір жерге шоғырландырылыпты. Кешегіні, өткенді өшіріп тастай алмайсың. Өйткені, ол — қарт тарихтың шежірелі парағы. Тарих сабағы бүгінгі, болашақтағы ұрпақтарға ұласары жөне аян. Алаңдар мен көшелерден, зауыттар мен фабриктерден, клубтар мен кеңселерден, институттар мен мектептерден әкелінген түрлі-түрлі тас бейнелерді, қолдың басындай ғана бюстерді, әрқилы көсекті портреттерді (олардың кейбірі үш-төрт, ал енді біреулері жалғыз-ақ дана) тамашалаушылар да санқилы ой құшағында. Олай демесе әддім жетпеген. Өткінші өмірдің заһары әрі қатты, әрі өткір. Қайран қалып тұрып, тұтбаңа түсесің. Әрине, кекірік кеуденде сәуледей сызат болса...

Бейтаныс ұлтшыл да, ұлтжанды әлі сөйлеп жүр. Ашынған, теперішті үні дабылды естіледі.

— Қазақстанды өуелде-ақ бұратана санаған, қазақ халқының тоз-тозын шығарған... Ұлы Абайымның жиделі-байсын атамекенін аштық алқабына, жа-

сыл жайлауын концлагерлер мен полигонға айналдырған сайқал саясаттың ұйтқылары да, мінеки, осы сүмелектер. Көріндер! Күңіреніндер! Күліндер!

Еңсе тіктеткен еркін сөз.

Аударылып, төңкерілген дүние-ай!

Көмейге кептелген ойымызды айтқызбай бұғалықтаған кер заманның кел-меске кеткені рас.

Қуыс кеуде, кеуек бас тас мүсіндер мен мүскіндерде үн жоқ. Әуестікпен суретке түсірушілердің фотоаппараттары дамылсыз шыртылдайды.

Иә, көрі тарихтың қас-қағым сәті...

## Муза жүзге бөлінбейді

Ұстараның жүзіндей аударылған дүние-ай!..

Көшкен селдей, ескен желдей, көзді ашып-жұмғандай өте шыққан қас-қағым ғұмыр...

Бейдауа опасыз мынау жалғанға кімдер келіп, кімдер кетпеген?!

Уақыты соққан уақытында, мезгілі жеткен мезгілінде... Бү жарық дүниемен қоштасуға да үлгере алмай кете барады. Дәм-тұзың таусылып, Алланың сызуы түгесілген күні өкіндіре өксітіп, аһ ұрғызып, артыңа қарайламай асығады-ай. Қайрансыздықтан тәубаңа келіп, салқын сабырға жүгінесің. Біреуін білсең, біреуін білмейсің.

Әйткенмен де... “Дүниеден Нұрғиса озыпты” деген суық хабарға өуелде көп жұрттың жүрегі сене қоймаған-ды. Жаманшылыққа қимағандықтан шығар. Суық хабар суыт тараса керек. “Әйгілі композитор Нұрғиса Тілендиев 15 қазанда қайтыс болыпты” деген жалғыз ауыз сөзді еліміздің түкпір-түкпірі сол күні-ақ естіген.

Сүйікті перзентінің қазасы бүкіл қазақ халқының қабырғасын қайыстырды. “Егемен Қазақстан” екі күн қатарынан тұтастай бір-бір бетін арнады (16 және 17 қазан 1998 жыл). Үкіметтің ресми қазанамасында: “Қазақ өнері аса ауыр қазаға душар болды. Аса көрнекті композитор әрі дирижер, СССР халық әртісі, Қазақстанның халық әртісі, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, Халық қаларнамы Нұрғиса Атабайұлы Тілендиев 74 жасқа қараған шағында дүниеден өтті” деп жазылып, атақты өнер иесінің ғұмыр жолы егжей-тегжейлі баяндалған. Зиялы қауым өкілдерінің жеделхаттарында, еске алу лебіздері мен қоштасу сәтіндегі сөздерінде жантерберлік жүрек сырлары білдіріледі. Әншейінде екі ауыз лепесті әрең айтатын қазақ бұл жолы күйзелістерін, жүрек шерін қара сөзбен орнектейді.

Газеттің бірінші бетінде жарияланған Шерхан Мұртазаның оймақтай ойында қорғасындай түйін бар:

“Ай мен жұлдыз болмаса, қараңғы түнде адамдар адасар еді.

Өнер дүлдүлдері болмаса, мына күйбен тіршілікте адамдардың көңілін кір басар еді.

Адамдардың жанын ыстанған кірден тазалап жүрген Ұлы Ұста — Нұрғиса — таң алдында жұлдыздармен бірге сөнді.

Енді біз Нұрғисаны ылғи да аспанда Таңшолпанның жанынан көретін боламыз”.

Қандай бейнелі тұжырым. Көзінің тірісінде-ақ феномен атанған алып тұлғаны еске алғанда әркім-ақ күлбілтелемей дарқан пейілдерін жомарттықпен ағытады. Теңеу таппай қиналады. Академик Манаш Қозыбаев кестелі ойын былайша жеткізеді: “Нұрғиса... Бұл есімнің синонимі Құдірет. Өнер Тәңірі. Фасырларда біртуар дарын иесі. Нұрғиса дауылпаз тұлға”. Дегдар суреткер Әбдіжәміл Нұрпейісов: “Әуезбен күйылған болмыс” десе, белгілі өнертанушы-қаламгер Камал Смайылов темірқазық пікірін былайша білдіреді: “Қыз Жібегімен-ақ тарихта қалады”.

Ал дәулескер домбырашы, ақтангер күйші Қаршыға Ахмедияров шәкірт жүрегінің күйзелісі мен мұның үлкен толғаныстан туған “Нұрғиса” атты күйімен жеткізеді. Күй-сезім “Егеменнің” бетінде қаралы күндері толық нота-сымен жарық көрді.

Қайсыбірін тізбелерсің. Ел құрметіне бөленген ардақты ағаның, асыл азаматтың мұхиттай шалқар өнернамасы хақында ақтарыла әңгімелейді. Көзі жұмылмай жатып леббіз білдірушілердің дені қимас ұлдарының атына ұлы деген теңсуді қоса тегіген. Әрине, мұндай сақи баға мен биік құрмет кез келген жанға айтылмасы анық.

Ұлы Нұрғисамен қоштасу жексенбі күні, 18 қазанда Алматыдағы қасиетті өнер шаңырағы М.Әуезов атындағы мемлекеттік академиялық драма театрының фойесінде өтті. Ағылған нөпірде қисап жоқ. Бірі кіріп, бірі шығып жатыр. Мәңгі ұйқыға шомған әйгілі композитор гүлге оранғандай. “Құстар қайтып барады” өнінің мың толқыған тылсым әуезі баяу қалқиды. Мұң ұялаған жанрлар іштей езіле еңірейді:

*...Ал, адамдар күліп бастап өмірін  
Кетерінде жылай да алмай,  
жылай да алмай қалады.*

Сиқырлы саз театр алаңына жиналған, қоштасуға келген үлкен-кішінің жандүниесін де тербегендей. Кіреуке көңіл, тұнжыр қабақ. Әдемі өн-ғұмыр сыйлаған акеділ сазгерлеріне соңғы құрметін көрсеткендер толқыны толқынға ұласып, үйлеріне қайтуға асықпаған.

Күбірлескен топ-топ, қалың нор. Бұрын-сонды байқалмаған құбылыс. Жиналған жұрт бір-біріне санқырлы серінің ғажайып қабілеті мен қасиеттерін әңгімелеуде. Қимастық сезіммен еске алады-ай...

Бір мезетте... Иә, айтпасқа болмас. Желке тұсымыздан естілген парықсыз күңкілге елең ете қалдық. Өзгелер де естіген.

— Осы, Нұрғиса қай жүз, өзі?

— Жамбыл төтемнің жанына жерлендер депті ғой, марқұм. Үлкен ауылдан болар...

Төңірегіне шекесінен көз жүгірте маңғаз қарағыштаған месқарындарды жыға танымасам да, кескін-келбеттері бұрын кездестірген кісілеріме ұқсайды-ау. Қапелімде есіме түсіре алсамшы. Бұрынғы партия шенеуніктері екені көміл. Сөз саптау мақамдары мен кеудемсоқ қылықтары біраз жайдан хабар бергендей. Марғау қалпы шеткерірек сырғақтай оқшаулануға тырысқан. Ыңғайсызданды ма? әлде...

— Қазақты ірітіп, бүлдіретіндер осындай тоғышарлар. Музаның руға, жүзге бөлінбейтінін қайдан білсін өңкей қиқым.

Қарсы алдымда тұрған бейтаным жігіт ағасы таусыла сөйледі. Оның құлағына да әлгі месқарындардың сөздері тым тұрпайы шалынған-ау, шамасы. Әбден мүмкін.

## Иттер, иттер және иттер

*Ит жайында айтылған сөз көп. Қадым заманнан жеткен небір тамаша мақалдар мен нақылдар бар. Жеті қазынаның бірі, адамның ежелгі досы турасында шертілер аңыздар мен қилы-қилы әңгіме-хикаяттар да шаш-етектен. Оқыстан мерт болған иесін іздеп, талай күн қабірін құшақтап жатып алған ақыды мақұлық хақында кезінде мен де “Иттің көз жасуы” деген әңгіме жазғанмын-ды. Төмендегі лепесіміз төртаяқтылар төңірегіндегі келеңсіздіктер мен көңілге қонбаған қиғаштықтарға түзіліп отыр. Қойын дәптердегі әр жылдарғы жазбаларды ортақ тақырып аясына топтастырдық.*

## Ит жайған қазақтар

Үйреншікті сарында өтіп жатқан лездеменің градусы табан астынан көтеріліп, пікірталастың соңы дау-дамайға ойысқан.

— Мына мен кезекші болған сәрсенбілік нөмірде бөлекей іліп алар ештеңе жоқ, — деп бастаған Тәжібай Битаев алдындағы газетін олай бір, бұлай бір

сатырлатып тұрып алды. Әдетінше тамағын қырнап жөткерініп алып шолуын жалғай берген оның сөзін тура қарсы алдында отырған Хамаң — Хамидолла Рахматуллин бұзды:

— Бөлекей деген не соз. Түсінбедік қой. Мағынасы не?..

— Бөлендей дегені болар Тәкеннің айтып тұрғаны, — деді өңгіме шаужайында бүйірден қосылған Болат Асанбаев.

— Жоқ, олай емес. — Пышақкесті пікірін асықпай жалғаған Тәжібай маңайына қарап. — Түсінбесеңдер біліп қойындар. Біздің жақта, Мақтаарал аймағында “бөлекей” деп “кішкентай” сөзін айтады. Сіздер ойлап қалмаңыздар, мені қалай болса, солай сөйлеп тұр деп. Менің айтайын дегенім, газетімізде жыл еткен жақсы дүниелердің аз екендігі. Муфтаховтың сын мақалаларынан басқа, меншікті тілшілердің азусыз фельетондарынан басқа тақырып жоқтай. Мәселен, жерасты жолдарымен жүре алмайсың, қап-қараңғы апан. Жарық атымен жоқ, іші сасық. Аялдамаларда қалқа жоқ. Шүмектеген жаңбырдың астында малмандай боп тұрғанымыз.

— Тәке, ұсақ-түйекті мыжып қайтесіз?..

Зұлқарнай Сақиевтың сөзін қағып тастаған Саматай аға орнынан ұшып түрегелді.

— Бөке, Тәжібай өте дұрыс айтады. Ұсақ-түйекті газетке жазбасын деп кім айтты бізге. Кемшіліктің бөріні де ашық жазуымыз керек. Мәселенки, монша мәселесі. Алматыда, тіпті, монша жоқ. Кезек күтіп тұрғанымыз. Осы проблеманы көтерген жөн сықылды...

Лездемені жүргізіп отырған Қыдырбекұлы Көрібаев отырар-отырмастан:

— Көні, тағы кім сөйлейді? — деді алдындағы подшивкасына тұқшиған қалпы.

— Бөке, менде қосар бір пікір бар.

— Қойшыбаев, айта ғой. Бүгін тым белсендісіңдер. Әмсе осылай болғандарын жөн.

— Жігіттер өте дұрыс айтып жатыр. Жалпылама сыннан гөрі кейде өзімізге, қазағымызға ой тастар дүниелерді көбірек жазсақ. Соңғы жылдары, мысалы, ит жетектегендерден аяқ алып жүре алмайсыз. Өгіздей-өгіздей. Жалғыз-жарым жүру қорқынышты. Дені тұмылдырықсыз. Мына Болат екеуіміз жұмысқа ертеңгісін үнемі жаяу келеміз. Сонда көріп жүрміз ғой. Үкімет үйінің артындағы саябақтың іші толған ит. Есіл паркті нәжіске толтырып, жынойнақтың мекеніне айналдырып тастаған. Әспеттеп желет кигізіп қойған мысықтай бульдогтан бастап, орден-медальдарын мойындарына тізіп тағып қойған сиырдай догтар жасыл газондарды адам көргісіз ластап, емін-еркін серуендеп жүр. Кішкентай балалар ойнайтын алақандай таза жер таппайсыз-ау. Бізді басынған орыстардың істемегені қалмады ғой өзі. “Ай дейтін ажа, қой дейтін қожа жоқ”. Автобустар мен троллейбустарға өзіңмен жарысып, таласып-тармасып ырылдап мініп жатқанда намысың келеді екен. Қаның қалай қайнамайды?! Сосын, тағы бір тақырып. Күніұзақ “Волга” мініп алып, базарлар мен дүкендерді аралайтын бастықтардың көлкілдеген, кердеңдеген әйелдері жөнінде аты-жөндерін атап, түстеп мәшинелерінің нөмірлерін көрсетіп рейд-мақалалар жазайықшы...

— Құдайға шүкір, о жағынан тазамыз, — деді Бөкең басын кегжи көтеріп алып. — Біздің қатын қызмет мәшинесін өмірінде пайдаланған емес.

— Бөке, қызық екенсіз. Бастықтар дегенде мен сізді мезеп тұр дейсіз бе?

— Жәй айтам. Ойыңды жалғай бер...

— Бейбіттің сөзінің жаны бар. Үкімет үйі тұрмақ, жоғарыдағы ЦҚ-ның маңайы кеш бата иттерге толып кетеді. — деді Мыңбай Ілесов шамырқана. — Тіпті, ұят емес пе? Шырша-шыршаның түбін тіміскілеп сарып-саңғытып, фонтандарға шомылып, орындықтардан орындықтарға секіріп, тайрандаған иттер. Иелері сенің демалып, тынығып жүргенінді қайтсін. Бірдеңе айтып, ескерту жасасаң жақтырмай, шатынап шыға келеді. Между прочим, сол ит жайғандардың арасында өзіміздің қаракөздер де кездеседі.

Лездемені қорытқан Балғабек аға:

— Көремісіндер, жазам деген журналистке тақырып толып жатыр. Үңгіп іздей берсендер талайды табуға болады. Тек қыбын тауып, ешкімнің ар-намысына тимейтіндей етіп жазыңдар. Меніңше, қолдарыңнан қағар ешкім жоқ.

Ойды — ой қозғайды. Ұмытып қалмайын деген мен жанымдағыларға бай-қатпағансып болашақта жазылар дүниемнің тақырыбын түртіп қойдым.

“Ит жайған қазақтар...”

## Балконнан үрген төбет

...Қалаға алғаш келген ауыл баласына бәрі таңсық. Сонымен қатар, қадам басқан сайын көңілге қиғаш, көзге қораш көрінген суреттер сананда өшпестей таңбаланатын тәрізді. Мектеп партасынан жаңадан ғана шыққан сарыауыз маған әуелде тым сәлекет байқалған көріністі, өсте, ұмыта алмаспын.

Институтқа екі жыл бұрын түскен Болат нағашым Алматыға оқу іздеп келген бізді біраз жетектеген. Айналдырған екі-үш күннің ішінде апармаған жері жоқ. Ең алдымен, зоопаркті аралатқан. Аяғымыз дел-сал болып, сүрініп-қабынып кештете “Қызыл таңның” өкпе тұсындағы жыпырлаған тоқал жер тамдардың арасындағы құрқылтайдың ұясындай ғана пәтерімізге өрең жетіп құлағанбыз. Ертеңіне таулардың алақанындағы “Медеуді” көрсетті. Одан соң Орталық стадионға апарып, “Қайраттың” ойынын тамашалатты. Тура сол күні болуы керек. “Мына түрлеріңмен ұят болады. Жүріңдер, менің соңымнан. Туфлилеріңді жалтыратып, әдеміліп шөткілеткізіп алайық” деді табанда. Шындығында, бөтенкелеріміз неше күнгі сал жүріс пен тау-тасқа өрмелейміз деп тұмсығының жұлым-жұлымы шығып, кісі көргісіз кейіпке түсіпті.

— Өзіміз-ақ, сулы шүберекпен сүрте салмаймыз ба? — дедім ойымда ештеңе жоқ.

— Сатал-саталы шығып, бұрынғыдан бетер оңып жаман боп кетеді. Айттым ғой, бес-он минуттің ішінде судай жаңа ғып кремдеп, лактап, жылтыратып береді.

— Кім?

— Жүрші тездетіп. Қазір өзің көресің.

Апыл-ғұпыл жиналды. Бәрінен бұрын футболдан қалып барамыз. Ауылда талай рет радиоқабылдағышқа жабысып, стадионнан тікелей жүргізілетін репортажды тыңдайтынбыз. Енді, міне, Болаттың арқасында “Қайраттың” ойынын өз көзімізбен тамашаламақпыз. Рас. Бөкенді тыңдаған жөн. Әйтпесе, бізге стадион қайда? “Қайрат” қайда? Таптаурын үйреншікті жолымыздан тайқып кетсек болды, тұрып жатқан пәтерімізді таба алмай, сандалып жүргеніміз өзімізге мәлім. Жықпыл-жықпылды қуалап, іркес-тіркес үйлердің ара-арасымен дедектеткен күйі көкбазардың іргесіндегі әйдік “Колос” дүкенін кесіп өтіп, екінші басындағы шығар есіктің алдынан бір-ақ шықтық. Ойпыр-май! Ішімді тартып қалдым. Бір жап-жас жігіт орындықта талтайып отырып аяғын тазалатуда. Кімге дейсіз ғой?! Көзі де, шашы да қап-қара мойылдай, қою қалың қасты, екі құлағында салпыншақ үлкен дөңгелек сырғалары сыңғырлаған уыздай сұлу келіншекке. Заматында миыма жетіп келгені: “ұят емес пе...” Әлгі жігіт тұрған бойда иығымен итермелей, “отыр, көні” деп ишара білдірген Болаттың бетіне жалтақтай қарағыштай беріппін. Екі бетім дуылдап, қатты қысылып, ыңғайсыздандым. “Ұят сияқты. Шөнііп отырып әйел адамға аяғыңды кремдетіп, шаңын сүрткізіп... Сұмдық-ай, мұндай да болады екен...” Сөйткенше-ақ, уыл-жыған келіншек:

— Следующий. Кәне, отыр! — деді емен-жарқын қалпы. Жайрандаған аяқ тазалаушының сөзі бетімнің ұшына жетіп келген лыпылды тез өшіріп, бойымды да лезде тіктеткен.

“Күнделікті кәсібі. Несіне арланады? Бізге біртүрлі, түрпідей көрінгенімен, өз жұмысына ынтық та адал...” Көмейіме тығылған ойымды сыртқа шығармай, ішімде бұғалықтағанмын. Ылдым-жылдым қимылдаған оның қос қолында тыным жоқ. Елті де, ұсынақты. Шөп-сәтте туфлиімді айнадай жалтыратып берді. Өз ісінің шеберіне рахметімізді айтып футболға жөнелдік.

Жол-жөнекей етікші әйелдің бет-бейнесі көз алдымнан кетсейші. Өткір жанарлары от шаша күлімдеп тұра қалады. Армян ба? Жоқ. Цығанға көбірек ұқсайды-ау. Ығы-жығы, иін тірескен, бірін-бірі тапап кете жаздаған жанкүйерлердің қос өкпемнен бірдей езген қыспағынан аман-есен сытылған сәтте тосын сурет қайтадан көлбендеген. Міне, қызық! Бейтаныс бейне жасыл алаңда теңбіл допты қолды-аяққа тұрғызбай дедектеткен футболшыларға ойысып кеткендей. Аңырып отырғанымда оң жақ қапталдағы алып таблода жарқыраған жазуларды көзім шалған. “Қайрат” (Алматы) — “Арат” (Ереван) — 0:0. Қараптан-қарап мырсылдағам. Аңқаулық па, аңғалдық па? “Қайраттың” кіммен кездесетінін де сұрамаппын ғой. Армяндар... Әлгі әйел де — армян...

Жерлестеріміз жалғыз үпаймен басым түскен. Жағамыз жайлаудай болғанымен, көкбазардың түбіндегі пәтерімізге екі-үш сағаттай жаяу жүріп, әрең жеттік. Аузы-мұрнынан тығылған автобустарға табанымызды ілдіре алмаған біз амалсыз жаяу тарттық.

— Абай кошесінің басындағы Абай ескерткішіне дейін асықпай жүре берейік, — деді қаланы жақсы білетінін аңғартқан Болат. — Содан кейін Ленин проспектісімен төмен түсе саламыз. Егер автобустар босаса, кез келген аялдамадан отырамыз ғой. Бәрінен бұрын, кешкі Алматыны көресіндер...

Абай ескерткіші қайда? Ленин даңғылы қай жерде? Ұқсамшы. Амалсыз бас шұлғимын. Футболдан мәре-сәре боп шыққан қисапсыз жұрт. Дабыр-дұбыр. Тіпті, сөзге қонақ бермеген қайсыбірлері кеңірдектерін жыртардай керілдесуде. Доп додасы — сөз көкпары. Әлгі радиодан ұдайы еститін “жарғақ құлағы жастыққа тимейтін жанкүйерлер” осылар екен ғой. Баға-а-на аяқталған ойынды қайтадан жаңғыртып, әркім өз ойымен әуре. Селт етпеген қалпы ілгері тартып келеміз. Міне, тамаша! Аузым арандай ашылып, көшенің дәл ортасында сілейіп қатып қалыппын. Өз көзіме өзім сенгім жоқ. Даусым да тарғылданып қатты шығып кеткендей:

— Балконнан үріп тұрған өне бір дәу төбетті көрдің бе? — деген менің сөзімді құлағына ілмеген Болат артына жалтақтап жүре берген.

Жаяу-жалпылаған жүргіншілердің дабырына елегізіп, тынымсыз ырылдап, гауп-гауп үрген өгіздей-өгіздей иттер әр үйдің балконынан көрінген.

— Несіне таңырқайсың? Ауыл емес қой. Қаланың аты — қала. Иттерін пәтерлерінде ұстамағанда, қайда ұстайды. Биік үйлерде тұрағындар өстіп бір мезгіл зеріккен иттерің балқондарына шығарып қояды. Кезінде маған да оғаштау көрінген болатын. Қазір елемеймін де.

Екі-үш жыл стажы бар қалалық досымның сөздерін елеп, екшей алмадым. Көше қиылысында бағдаршамның қызылына етқызуымен өтіп кетсем керек. Төрттағандап жер тістеген жеңіл мәшиненің жүргізушісі айғайлап жатыр:

— Көзіңе қарамайсың ба, ей, колхоз?!

Колхоздан келген маған бәрі де таңсық, бәрі де оғаш. Біртүрлі. Аяқ тазалаған әйел де... Балконнан үрген төбет те... Ән-е, тағы бір үйдің терезесінен ит көрінді.

Бесінші қабаттағы балконға асылып, төңірегіне қарағыштаған сиырдай ит арсыдап үріп тұр. Қасында үстінде мәйкіден басқа ештеңесі жоқ еңгезердей кожайыны...

## Мәшинеге таласқан Тузик

Бүгін таңертең жұмысқа кетіп бара жатқанда қызық оқиға болды. 16.V.1991 жыл. Оны баяндамастан бұрын аз шегініс. Қулық-сұмдықтан ада, қандай жайды болсын кіршіксіз пәк көңілмен қабылдайтын бал-дәуреннің қол бұлғағалы қашан. Бір кездегі көзге түрпідей шалынған суреттер мен көріністердің күнделікті тіршілігіміздің жалпы фонына айналып, өзіміздің де қалалықтардың қатарына қосылғанымызға біраз болыпты. Біраз дейміз-ау, тіпті ширек ғасырдан асыпты.

Аз мерзім емес. Талайды көрдік, талайды бастан өткердік. Балконнан үрген иттердің неше атасын да тамашаладық. Кіжінгенмен, керіскенмен бола ма?

Далбаса. Қала тіршілігінің қалыпты күйбең-келбетін өзгертуге мүмкін еместігіне көзім анық жеткен. Әйгілі сайқымазақ-сатирик ақынымыз Оспанхан Әубәкіров ағамызша айтсақ: “Көргендінің иті балконнан үреді” екен.

“Лениншіл жастан” алған құтты шаңырағымыз бала-шаға ер жеткен соң тарлық етіп, “СҚ”-ның арқасында астананың тура жүрегінен — Жаңа алаңның іргесінен атшаптырым пәтерге көшіп келгелі де бірер жыл. Әй болғанда қандай. Генерал Баһадүр Байтасовтың үйі! Таққа отырған әр патша әуелде: “Қайтсем, халқыма жағам? Қайтсем, жұрт көңілінен шығамын деп кіріседі емес пе?! Горбачев те әп дегенде қаһарына міне келгенін ұмыта қоймаған сияқтымыз. “Қайта құруды” — көзін шел басқан шенеуніктерге, құзырлы мекемелердің қуыс кеуде бастықтары мен ойына келгенін істеген, қатардағы қарапайым жандарды әбден ұмытып кеткен лауазым иелеріне шүйлігуден бастаған.

ЦК КПСС-тің Мәскеуден шұғыл келген комиссиясы Алматыда бірнеше министр мен үлкен мекемелер тізгінін ұстағандардың заңға томпақ әркеттерін өшкереледі. Сөйтіп, он бес-жиырма бастықтың пәтерлерін күштеп босатқызыды. Жалғыз кемпірі бар генералдың төрт болмелі пәтеріне алты-жеті жан қысылып-қымтырылып өмір сүріп жатқан мен осылайша иеленгенмін. Айтпақшы, ұмытып барады екем. Әуелде заң жүзінде маған тиесілі бұл үйге редакцияда екі-үш адам таласып, редколлегия оншақты күнге дейін екіұдай болып, нақты түбегейлі шешім қабылдай алмады. Әйткені, Орталық Комитеттің хатшысы Кәкімжан Қазыбаев үй алушылардың тізім-кітабына енгізілмеген курстасы, газеттің байырғы тілшісі Саматай Кәрібаевқа босаған пәтерді бөлгізуді редакторымыз Балғабек Қыдырбекұлынан өтінеді. Бірақ! “Қайта құрудың” дүмпі әділеттің ақ жолынан тайғызбаған еді. Реті түскенде болашақ мемуарымызда егжей-тегжейлі жазармыз...

Бірін айтып, біріне кетіп барамын ба, осы? Жоқ. Ешкімге ғайбат артық сөз айтпаған тәріздімін. Жанымды күйзелтіп, ішімді қазандай қайнатқан көңіл күйді ала қағаз бетіне түсіргенім ғой. Қаламына сыйынған пақырыңның басқаша қылар амалы да жоқ. Соны жан-дүниенің түсініп, екшегеніңіз жөн, сүйікті менің оқырманым. Әуелгі тілге тиек еткен әңгімеміз ит жайында еді ғой.

Сонымен, біз көшіп келген төрт қабатты үйдің үшінші этажынан, яғни біздің астымыздағы пәтерде бір емес, сиырдай екі иті болып шықты. Қожайыны әскери госпитальдің бас дәрігері екен. Кәріс жігіті. Жеке “Волгасы” бар. Сонысына қарағанда, әйдік дәкейдің бірі. Мектеп қабырғасындағы тетелес екі ұлы біруақ иттерін есік алдына шығарып, қазақ радиосына қараған көше бойындағы бульвардың ішіне қыдыртады. Сөйтіп, өншейінде әудем жерден көрінгенде тыжырынып, есім кететін мен бір-ақ күнде дәрменсіз пұшайман күйге түстім. Жоғары-төмен түскенде бірде тура есік көзінен, енді бірде балконға асылып гәуп-гәуп үріп тұратын төртақты көршілеріме бой үйретуге тура келді... Басқаша не істемекпін?..

Міне, сол иттің бірі бүгін мені қайран қалдырды. Күндегі әдетімше сағат тоғызға он-он бес минут қалғанда Мир көшесі жағына шығып, мәшине күтіп тұрғам. Редактордың орынбасарлары Ержұман Смайылов, Мыңбай Ілесов үшеуіміз ортақ бір көлікпен жүретінбіз. Слава келіп тоқтаған бетте артқы есікті аша берген менің алдымды жалма-жан ораған нән неміс овчаркасы ішке бұрын кіріп, алдыңғы екі аяғын креслоға асып, тіп-тік жайғасып алғаны. Табанда қай жағымнан жетіп келгенін зерделей алмай далмын. Қорыққаным сонша, анырап, үн-түнсіз мелшидім де қалдым.

— Тузик, көні шығ! Түс деймін, Тузик! — Көрші баланың даусы. Өзі күліп жүр. — Біздің мәшине емес. Ән-е, біздікі де келді... Вот, сюда!..

Көзін шатынатып, ырылдаған Тузик лып етіп жерге секіріп түсті. Күнде мініп жүрген иесінің ақ “Волгасын” біздің мәшинемен шағастырып алған Тузиктің қылығы бөрімізді де еріксіз мырсылдатқан:

— Жүрегімізді жара жзадады ғой мынауың! — дедік жарыса.

## Енді жемегеніміз иттің еті ме?

Дүние не боп барады, өзі?!

Естімегенді естідік, көрмегенді көрдік. Күнде ереуіл, күнде шеру. Жалақы жоқ, пенсия жоқ, жұмыс жоқ. Ашқұрсақ жұрт. Кеуделерін ашу-ыза кернеген, ертеңгі күніне сенімсіз алаң-күлең көпшілік. Бір кезде тарих оқулықтарынан оқыған, кейінірек газет-журналдарда жарыса жазатын жайлардын бізге де жеткені ме? Әлде, кіші 37-інің бір түрі ме? Соғыссыз, жанжалсыз қолдағы, қорадағы малыңнан айырылып... Тігерге тұяқ қалатын емес. Бартерге... пысықайларға өз қолыңмен түйдек-түйдегімен тиіп беріп жатырсың. Және мұны ашық айтып, анық жазып жатырмыз. Сенбесеңіз “Егемен Қазақстанды”, “Жас Алашты” оқып көріңізші. Алғашқыда тіксініп, күмілжіп, сырғақтап аузыңды ашуға қорқақтайтынбыз. Сіз де, біз де, ол да... Келе-келе бой үйренгендей ме? Жантүршігерлік жағдайлар мен оқыс оқиғалар әр тұстан, әр ауылдан естіліп жатыр. Дүркін-дүркін... Бүгінгі “Егеменде” жарияланған алақандай мақала ешкімді де бей-жай қалдырмасы анық.

— Күшті нөмір, — деп кіріп шыққандар да бар кабинетіме.

— Ел ішіндегі болып жатқандарды осылайша қорықпай, ашық жазу керек, — дейді телефон шалғандар.

Құптаған пікірлердің ішінде, қиғаш тартқандар да ұшырасқан:

— Бірінші беттегі ит етін жегендер жөнінде бекер бергенсіңдер. Өзіміздің қазақтар секілді. Ұят емес пе, — дейді кейбір жалған намысқой ағайындар.

Не деуге болады? Қай оқырманның көңілін табарсың. Қиын-ақ. Жазбасаң, жарияламасаң тағы кінәлайды:

— Оңкей жалтақтар. Үкіметтің қас-қабағына қарап, үндемейсіңдер. Көрмейсіңдер ме, өздеріндей ан-а-ау неформал басылымдарды.

— Мейлі, аузына келгендерін көкі берсін.

Сөйтсе де, әр нәрсенің екі ұшы болады емес пе. Абайламасақ, бір ұшы, сөз жоқ, өзіңе тиеді. Ақтау да, қинау да — оңай. Олай дейтінім, тілшіміз Әбдіөзиз Алдабергеннің бүгін жарық көрген “Ит етін жеп, ит болма” атты төмендегі мақаласын оқып көріңізші.

“Сақтанбаған адамның басына бөле тілеп алуы оп-оңай. Ондай оқиғалар бірде білместіктен болса, енді бірде оған адамдардың өздері кінәлі болып жатады. Ең өкініштісі де осы.

Білім, Мәдениет және денсаулық сақтау министрлігінің Денсаулық сақтау комитетінен редакциямызға келіп түскен мына бір хабарлар адамдар өлі де болса өздерінің бас амандығын ойлауға жете мән бермейтіндігін байқатады.

Шығыс Қазақстан облысының Жарма ауданының орталығында бірден 17 адамның трихинеллезбен ауырған оқиғасы тіркелген. Олардың бәрі де орталық ауруханаға жатқызылып, білікті медициналық жәрдем көрсетілуде.

Осы оқиға бойынша эпидемиологиялық тексеру күтпеген жәйттің бетін ашқан. Ауруға шалдыққандардың бәрі де көшеден ұстап сойылған қанғы-бас иттің етінен көуап пісіріп жеген көрінеді.

Екінші оқиға Қостанай облысының Амангелді ауданындағы Жалдама кентінде орын алған. Онда біреудің жекеменшігіндегі мөжбүр болғандықтан сойылған сиырдың етін 12 отбасы жіліктеп бөліп алады. Алдымен солардың ішінен Амангелді аудандық ауруханасына “лимфоаденит” деген диагнозбен бір адам жатқызылады. Осыдан іле-шала аудандық және облыстық санэпидстанса мамандарынан, малдәрігерлік қызмет өкілдерінен құрылған бригада үй жағалап тексерген кезде тағы да ауру жұқтырған 6 адам анықталып, ауруханаға орналастырылады. Оларға “визикулярлық пиодермия, түйнеме” деген диагноз қойылған.

Екі оқиға бойынша да науқастардың қазіргі жағдайын дәрігерлер қанағаттанарлық деп санайды. Әл үстінде жатқандар, өлген адамдар жоқ. Ауруға шалдыққандармен жақын қарым-қатынаста болғандар дәрігерлердің бақылауына алынып, лабораториялық тексеруден өткізілген. Индет шыққан жерлерде облыстық денсаулық сақтау басқармасының, санитарлық-эпидемиологиялық және

малдәрігерлік қызмет мамандарының арнайы бригадасы жұмыс істеуде”. (“ЕҚ” N163. 20 тамыз 1998 жыл).

Бұлтартпас нақты дерек. Мұндай келеңсіз көріністер жаппай етек алмаса да, еліміздің әр тұсынан бой көрсетіп жүргені рас. Оны бүркемелеудің пайдасы шамалы. Өйткені, “ауруын жасырған өледі” демей ме қазақ атам. Әсіресе, өз бауырларымыздың, өз қандастарымыздың жүгенсіздіктерін естігенде еріксіз қынжыла-сың-ау. Сенбейін десең, күпті көңілінді көзкөргендердің өңгімелері сабасына түсіріп, қайрансыздықтан “өз қолыңды өзің кесесің бе?” деп іштей аһ ұрасың.

Мәселен, газетіміздің бас редакторы Уәлихан Қалижан Алматының түбінде ит тіршіліктен “мәз” боп жүрген ағайындар жөнінде күйіне жазған “Ит-қуырдақ” атты өткір дүниесін “Егеменнің” бірінші бетіне басқызды. Әуелде ішкі бетке макеттелген өте ащы мақаланы верстка үстінде қорықпай, жүрексіңбей газеттің бірінші бетіне, көзге ө дегеннен шалынатындай, корнекі еткізіп орналастырғызды. “Ит егін жеп масайраған қазақтар туралы ақиқи шындықты жазғаным үшін жоғарыдан сөз естісем” деп кібіртіктемеді. Әрине, кез келгеннің қолынан келмес көзсіз ерлік. Не үшін? Өзіңіз ойлана беріңіз.

Айтпақшы, астанада Көктөбеде ме, жоқ әлде “Сайран” автовокзалы маңында ит етінен кәуап жасап сатуды кәсіпке айналдырған қуаяқ жылпостар ұсталыпты. Қолға түскендердің арасында пайда табудың жолына түскен өзіміздің қазақтар да бар көрінеді. Теледидарлар “қуана” жар салып жатыр. Естисің. Екі құлағыңды тас қып бітеп тастамайсың ғой. Ойға шомасың.

Күнкөріс қамы ма? Жоқ, әлде...

### Төртінші төрелке кімдікі?

...Менің есіме “ит басына іркіт төгілген” заманда естіген бір өңгіме түсіп отыр. Тақырып орайына қиыстыра айтып берейін. Ұмытпасам, жетпісінші жылдардың басында, “Лениншіл жаста” бір бөлімде бірге істеп жүргенде журналист Тұрарбек Бұшпақбаев өлсін-өлсін майын тамызып шертетін бұл оқиға сзуіне күлкі үйіреді. Бірақ! Жымындатып отырып, жүйкенді жонады. Себебі, қазір де мұндай суретті ұшыратып жүргеніңіз шүбәсіз.

☞ Сонымен... Тұрарбек досым кештетіп жұмыстан үйіне қайтып бара жатқан сығылысқан автобустың ішінде “Вечеркада” (“Вечерная Алма-Ата” газеті) істейтін әріптесін жолықтырып қалады. Жүзтаныс жігітті — Бабетовті біз де білеміз. Есімін ұмытыппын. Рафик пе, Тимур ма? Мейлі, кім болса да. Қап-қара қаба сақалды, азият пошымды өңді жігіт жұртты жарып Тұрарбекке тақаған ол келесі аялдамадан түсіп, үйіне жол-жөнекей соға кетуін өтінеді.

— Көңілін қиадам. Ептеп жұтыңқыраған секілді, — деген Тұрарбек екі көзі оттай жанып, көрген-білгенін айтып жатыр. — Өзімнің де тамағым жыбырлап келе жатыр еді. Ташкентская көшесінің аяқ жағындағы екі этажды хрущевкалардың бірінде тұрады екен. Шамасы, менен екі-үш аялдама берірек.

— Білемін о маңды, — деп қойды сөз арасында қасымда отырған Эрнест Төреханов.

— Содан соң, — деймін мен шыдамсыздана.

— Үйіне бардық. Есік ашқан келіншегі “төрлетіңіз” деп ишара білдірген. Қанша айтқанмен, мұсылмандықтың жөнін аңғартып жатыр, — деді әріптесіміз өңгімесін одан әрі сабақтап. — Қабақ шытып тыжырынбады. Сырт киімімізді шешіп жатқанда мені әйеліне таныстырып үлгерген үй иесі залға, төрге бастады. “Көні, тездетіп маған әзірлеген тамағыңды әкеле бер. Бү кісі де — журналист. Қысылма... Бізге жақын, көрші тұрады. Жолдан түсіріп алып қалдым...” Ұлдым-жылдым басталған ақмойыннан бір-бір стақанды жұтқызыдырып жіберді. Үн-түнсіз аяғының ұшымен қимылдаған әйелі үстелдің үстіне үш төрелке борщты әкеліп қойды да, асуіге шығып кетті. Іле тағы бір төрелкені әкеп, төрдегі орындықтың алдына қойды. Маңдайым пырш-пырш жіпсіген мен аң-таңмын. “Төртінші төрелкені кімге әкелді екен? Бізден өзге ешкім жоқ төрізді...” Сөйткенше, бүйірдегі есікті ашқан әйел:

— Марс! Жүр, тамағыңды іш, — деді бұйыра.

Сықырлаған есіктің ар жағынан құйрығын бұлғақтатып, ырылдай көрінген дөй кара овчарка өз орнына келіп жайғасты. Тұлабойым түршігіп, жүрегім тас төбеме шықты. Қорқып кеткенімді байқаған қожайын ыңғайсыздана итіне зекіді. Тәрелкедегі тамағын сорпылдап жалап іше бастаған Марс оқтын-оқтын көзін маған қадап, ыр-ыр етіп қояды. Бей-берекетім кеткен мен борщты жартылай-жарымдай ішкен болып, үй иелерінен рұқсат сұрадым. Ұшынып қалмайын деп алдымдағы стақанды түбіне шейін көтердім. “Шақырылмаған қонағына” жалтақ-жалтақ қарағыштаған нән ит бөтенсіп жақтырмай ырылдаған. Үйден қалай шыққанымды білмеймін. Мінеки, осындай сұмдықты көрдім тура кеше ғана. Итімен бір үстелдің басында бірге тамақ ішіп отырған адамдар жөнінде біреулер айтса сенбес едім. Ендігі жерде бөріне де сенуге тура келеді.

— Ойпыр-ай, мұндай да болады екен ғой, — дедік Эрнест екеуіміз таңырқай. “Біреулер тоңып секірсе, ал біреулер тойып секіреді” дегеннің кері осы шығар.

## Күшігімен бірге көз жұмған

18 қыркүйек 2001 жыл. Астанадағы “Есіл” қонақ үйінде Талдықорғаннан іссапармен келген танысым Жазылбектен мынадай бір оқыс жайды естіп не таңырқарымды, не күлерімді білмедім. Сөзден сөз шығып, ойына түсірген бұл оқиға — нағыз траго-комедия. Оның ұзын-ырғасын тәптіштемей, түйіп жеткізсем — былай.

Қаланың нақ орталығындағы көп қабатты үйлердің бірінде тұратын Жазекеннің аралас-құралас болмаса да, түзу сәлемдесіп жүретін орыс көршілері болыпты. Орта жастан асқан ерлі-зайыптылардың күнұзаққы ермегі — қолдың басындай ғана сүп-сүйкімді күшіктері болса керек. Көбіне күйеуі жұмыста жүргенде өлгі күшікті әйел серуендетіп, далаға алып шығатын көрінеді. Бір мезгіл аулада ойнап жүрген қарасирақтардың еркіне берсе, енді бірде ұзын көшенің арғы басына дейін, тротуар бойымен ерсілі-қарсылы қыдыртады. Тымпың-тымпың бүлкілдеп иесінің жанынан екі елі ұзамайтын ақылды да, сүйкімді күшікті көрші-қолаң да жақсы көріп кетіпті. Кім біледі, бәлкім “күшік” деп жүргендері бульдог тұқымдас қортықтардың бірі болар. Мейлі, қайсысы болса да...

Бірде жұмыстан шаршап-шалдығып келген күйеуі асты-үстіне түсіп, өбектеп отырған әйелінің қолындағы итті жұлып алып, ашық тұрған терезеден сыртқа лақтырып жіберіпті.

“— Баладан бетер аймалап!.. “

Жылап-ендіреген әйел бесінші қабаттан сыртқа үңіледі. Тасқа басымен түскен күшіктің тұяқ серпуге де шамасы жетпей, серейіп жатқанын көрген келіншектің жүрегі заматында жарылып кетеді. Сөйтіп, көз алдында күшігімен бірге көз жұмған әйелінің қазасы ұйып отырған отбасыға күтпеген ойран әкеліпті. Әйелінің өліміне себепкер деп, марқұмның бейкүнә күйеуін жандайшаптар әй-шәйға қарамай екі жылға соттатып жіберіпті.

Оқыс оқиға — кездейсоқ қырсық.

Тағдыр тәлкегі — жолсыз жаза.

## Екі аяқты мақұлық

Заманына қарай — адамы. Бәлкі, керісінше ме?.. Қалай болғанда да адамдар бойынан ұшыратар жағымсыз оғаш қылықтар көңілге түйткіл түсірері анық. Еркіндігіміздің де, еліктеуіміздің де кей тұстарда жөн-жосықсыз әрекеттерге, тіпті азғындыққа ұрындырып жатқанын аңғармай қаламыз. Ащы шындықтың бетін тырнап айтқанның еш әбестігі жоқ. Күңкіл емес, жала емес. Көзін көрген соң, ішке сыймаған соң... Ерліксіз ала қағазға шимайлайсың-ау.

Екі мың алтыншы жылдың қаңтары. Екінші, не үшінші жексенбісі-тін. Мәскеудің телеарнасынан шытырман оқиғаларды арқау еткен, нақты, деректі жай-

ларды әр қырынан ашып көрсеткен “Запретная зона” хабарын тамашалауға тура келді. Бұл жерде “тамашаладым” деу қысынсыздау. Жас отбасының шиеленіскен кикілжіңнің түйіні қалай шешіледі екен? Осынау күпті сауал көгілдір экран алдына жіпсіз байлаған. Әйтпесе, қаншалықты жақсы болса да көрмейтін-ақ хабар. Әрине, бұл — менің жеке пікірім. Өзгелерге қатты ұнаған секілді. “Өткенде жаңа жылдың алдында бір рет көрсеткен. Жақсы передача” дейді олар.

Түсінікті болу үшін теле-зерттеудің мазмұнын тәптіштемей, кульминациясына ғана тоқталайын. Айналырған бір-екі айдың ішінде мінез-құлқы танымастай өзгерген күйеуінің басына түскен жағдайдың анық-қанығын білгісі келген жас келіншектің тапсырмасы бойынша іске кіріскен тележурналистер біраз келеңсіздіктердің бет-пердесін ашады. Жұмысын өзгертіп, киім-кешек салонына жаңадан орналасқан жас жігіт ыңғайсыз кейіпке тап болады. Бұдан бұрын қышыма ауруына шалдыққан ұжым мүшелерінен осы сырқатты жұқтырып алады. Бір ғажабы, салон қызметкерлері — күзетшісінен бастап, директорына дейін орайын тауып оңашалана қасынып-қасынып алып, дерттерін бір-бірінен жасырады. Байыбына барса тез арада аурудың алдын алып, көзін құртуға әбден болатын жайт. Бірақ, өйтпейді. Ұялады! Ал, жалған намыстың жарға құлататынын ешқайсысы да ойламайды.

Сонымен... Оқиганың шарықтау шегінде не болады дейсіз ғой. Ұят-ақ! Көзің көрген нәрсеге тілің бармайды-ау. Несіне қысыламыз. Әдетке, үйреншікті кәсібіне айналдырған іске “қыңқ” етпей, көз сүзген салон күзетшісі — қол-аяғы балғадай, зор денелі жігіттің қылығы төбе шашымызды тік тұрғызған. Сөйтсек, әлгі екі аяқты мақұлық есік алдында, асфальтта аунап-қунап жүретін сабалақ жүнді, сатал-сатал итімен өуейі екен. Бәрі-бәрін теледидар қаз-қалпында жалғанның жарығына жайды...

Сұмдық-ай, мынау ит-тірлік өмірде не болмайды десейші!

\* \* \*

Көңілімізді құлазытып күйіндірген, ойымызды ойқастатып ойрандатқан итшілеген мынау ит-өмірде, шынымен-ақ, ит боп кете жаздағанбыз ба, осы?! Бір мезет өзіңізге, төңірегіңізге жіті жанар жүгіртіңізші. Ісіміз де, қылығымыз да... Не байқадыңыз? Не ойладыңыз?

## Абайға шүйлігі

Әлқиссадан бұрын, неге екенін білмеймін, есіме тым шалғайда, қиыр қияндағы жалаңаяқ табандарымның ізі қалған ауылым түсті.

Бір пұшпағын ну жыныс қамыс теңізі көмкерген, екінші қапталын бұйрат-бұйрат, қалың шағыл құм қыспалай қаусырған Балқаштың жағасындағы аядай балықшы ауылы қазір жоқ. Құм жұтқан жетім жұрттың жұқанағы — бұрынғы ежелгі үйлер мен қора-қопсылардың орындары өзирге жүлгелене шалынады.

Жыл сайын қоңыр күзде елге демалысқа барғанда ескі мекенді ерсілі-қарсылы армансыз жаяулап аралаймын. Әрине, жалғыз емес. Құлазыған, тіршілік атаулыдан мақрұм жатқан өлі жұрттың орнындағы жер бетінен өшіп, құрып бітуге айналған мыртиған, селдір жапырақты ағаштар ауылдың жантәсілім кейіпіндей. Болар-болмас теңіз беттен лекіген аптапты самалға әлсіз бас шулығын тал-теректердің арасында, бірен-сараң жер бауырлай арсиған-арсиған алма ағаштары да анық байқалған. Қожыр-кожыр жуан діндері жалаңаштанып-ақ қалыпты. Сидам-сидам бұтақтарының әр-әр тұсында жалғыз-жарым, сәбидің мандайындағы кекілдей шок-шок жапырақтар көрінеді. Тура былтырғы қалпында. Үйме-жүйме құм төбешіктің сұлбасынан-ақ қара шаңырақты — атамның тамын бірден ажыратқанбыз.

Уазиктен лып етіп бөрімізден бұрын секіріп түскен Болат ашық аспан астындағы “мұражайды” таныстыра бастады.

— Мынау — біздің үйі, — деді тұрған жерін аяғының ұшымен нұқып. — Ағаштар өлі өле қоймапты.

— Бері таман жақындандар. Кәне, келіндер, — деді. Қобай бірденесін жоғалтқандай, шикі саман кірпіштердің тұқыл жарлауытына үңіле түскен. Артынша кесектердің жігіндегі үңірейген қуыстан әлденені сопаң еткізіп суырып алған оның даусы жерден жеті қоян тауып алғандай естілді. — Әй, көремісіндер!.. Не тауып алғанымды... Сол күйі сақталыпты...

— Әкеңнің тыққан алтыны шығар, — деді ішек-сілесі қатқан Болат нағашысы. — Мен де археологиялық қазба жүргізіп көрейінші, осы. Мүмкін, кім біледі атамның қара жел көрігі тұратын ежелгі дүкенінен оны-мұны шығып қалар.

Болаттың қағытпасын құлағына да ілмеген бауырым шұқылап жүріп аршып алған мукәмалын кәрі ағаштың діңіне ұрып қаққыштай бастады. Сатал-сатал тері қалтаны үрлеп-үрлеп шаңын тазартып, қадау-қадау алаботаның бастарын сындырып алып, тырналап сүрткен болды. Құрт-құмырсқаның илеуіне айналған дорба деп тұрғанымыз портфель боп шықты. Кәдімгі оқушы сөмкесі. Көзіме оттай басылған. Дәл сол. Танысам да үндемедім. Студент кезімде осы Қобайдың өзіне Алматыдан сатып әкеліп бергем. О жағын біле ме, білмей ме? Хабарым жоқ. Дермантин портфельдің ішінде алтын-күміс болмаса да, тегін еместігі анық.

— Үсті-басыңды күл-қоқысқа толтырып қайтесің. Лақтыра салсаңшы. Тез. Одан да алма теріп жейік.

— Қайдағы алманы айтып тұрсың.

— Көріп келіп тұрмын ғой. Тоқметбай бастықтың бір түп ағашы алмадан көрінбейді.

Елең ете қалған Қобай:

— Рас па? — деді жымындап. — Міне, сендерге ғажап бірдеңе көрсетем. Нағыз алтын. Өздерің де таң қаласындар, қазір.

Ынтықтыра түскен оның жанына тақап, тізе бүктік. Сол-ақ екен, Қобай портфельдің ішінен шықырлатып екі-үш асықты шығарды.

— Мінеки, қорғасын құйылған арқар сақам менің. Баяғы-д-а Байшегірге көшіп бара жатқанда тығып кеткем. Бұзылмапты. Сол күйі. Көріндерші өздерің...

Жарыса күлген Болат екеуіміз:

— Сүйек бүлінуші ме еді? — дедік қосарлана. — Бағанадан бері мықшыңдап, шаң-шаң боп тапқаның осы ма?

Зілмауыр сақаны алақанымызға кезек-кезек салмақтап, бір-екі мәрте жерге үйіріп көрдік.

— Шіріп кеткен бе? Су тиген-ау, шамасы. Жо?! Қап-қатты сияқты. Иә, құрғақ екен. — Өзімен-өзі күбірлеген Қобай әлденені сумаң еткізіп суырып алды да, әбден өбігерге түсірген сөмкені сонадайға құлаштап лақтырып жіберді. Шүберек пе, кенеп пе? Тоз-тозы шыға іріген қағаз қиындыларын сілкіп қалғанда ап-анық көрінген. Ішкі орауын жазды да мұқабалы қалың кітаптың тозанын тізесіне қаққыштап бізге ұсынған.

Қолымнан көз ілеспес шапшаңдықпен жұлып алған Болат бірінші бетті парақтаған бетте:

— Абай ғой. Менің кітабым болатын, — деді. — Бесінші класты үздік бітіргенде берген-тін. Міне, сенбесендер, мына жазуды оқындар. Жөнді көрінбесе де анық оқылады екен. “Көпбірлік орта мектебінің 5 класын жақсы аяқтаған Болат Төлегеновке. Фрунзе балық колхозының басқармасынан...” деп жазылған. Мынау шимай Қайшыбаев бастықтың қолы. Числосы өшіп қатты. Апам мен атама әлденеше рет оқып бергем кішкентай кезімде.

Кәрі қарағайдың селдір көлеңкесіне жайғасқан біз көгілдір көлге тірелер кокжиекке әлсін-әлсін көз тастап қойып, бұлыңғыр балалық шағымызды еске аламыз. Қаз-қалпында сақталған Абайдың өлендер жинағын кезекпен сипалап қоямыз.

— Сенің ойлап таппайтының жоқ.

— Тура жиырма жыл бопты. Жүктерді трактордың тіркемесіне мықшындап тиеп жүрген Төнеш пен Ерланға білдірмей, бұзып алынған еденнің іргетасы үңгіген қуысқа өдемілеп тыққан едім. Бірақ, осыншалықты жақсы сақталады деп ойламапшын.

— Жауын-шашын тимеген ғой. Оның үстіне, кірпішпен қымталған тұсы күп-күрғақ. Әне, қарасаңшы, көрініп тұр емес пе. Әппақ екен.

— Қайдан білейін. Бала кезгі әуестік та менікі. Әйтпесе. — Төңірегіне маңрау жанар жүгірткен Қобай мырсылдап күлді. — Жаңа жерге көшіп барған соң, оншақты күн өтпей, мамам “Абайды” жатып кеп іздесін. “Әлгі, менің кітабымды көрдіңдер ме? Абайдың өлеңдерін айтам. Көшіп-қонып жүргенде қайда қойғанымды есіме түсірсемші. Сандығыма салып қоюшы едім. Онда жоқ. “Абай жолы” жатыр. Ал, әлгі Абайым көзіме шалынбайды...” кірсек те, шықсақ та. Құлағымызға тыныштық берсейші. “Неше мәрте қотарған кітабың емес пе. Біреу-міреу оқуға алған шығар. Қайда жоғалар дейсіз” дегенімізде сәл саябырсып қалады да, екі-үш күннен кейін Абайын қайта іздейді.

Біз еріксіз күлдік. Болат кітаптың әр бетін парактап:

— Осы кітапты менің өз басым әжем мен атама кемінде бес-алты мәрте оқып берген шығармын, — деді езуін жимастан. “Абай жолын” неше рет оқытқаны есімде жоқ. — Әке-шешесінің көзі жұмылғаннан соң бұл кітаптарды сенің шешен иеленген ғой. Шаңын өдемілеп сүртіп-сүртіп апарып бер. Қуанып қалсын.

— О не дегенің, шешем қатты қуанатын болды. Сөз жоқ! Сексеннен асса да өлі күнге Абайдың өлеңін оқып, тамсанып отырады. Бір кезде біздің құлағымызды жеуші еді. Қазір немерелері мен шөберелеріне айтатыны: “Абайды оқымай, адам болмайсындар...”.

Естен кетпес бейне. Абай есімін алғаш естіген құлдырандаған құлыншақтың қоңырауын қаққандай. Күмбір-күмбір...

\* \* \*

...Бала кезгі сурет санада өшпестей қашалса керек. Болат нағашымның бір ауыз сөзі “Атам мен әжем Абайды өлденеше рет оқыттысы” менің де көз алдыма өлдеқандай сұле суреттің сұлбасын даңғарадай етіп алып келгендей. қаз-қалпында. Шіркін, егер қылқалам шебері болсам, сол күйінде шашау шығармай, ақ кенеп бетіне түсірер едім. Еш ойланбастан бұл картинамды “Абайды оқығанда” деп атаймын. Әлгі полотнода кескінделген бейнелерді ап-анық көріп тұрмын-ау. Қара-қошқыл бояуы басым картинадан бірден шалынатыны ересек екеудің нобайы. Құс жастықты шынтақтай жатып оң қолымен таянған кесек денелі кісі бір қырындап жатыр. Бар зейіні мен ықыласын бет-әлпетінен аңғару қиын емес. Кітап оқыған балада. Жетілік пілте шамның жарығына етпетінен жатып алып, бас көтермей зуылдатып оқып жатқан әлгі қара домалақ, өрине — мен. Ал, сол қапталда басын сәл еңкейтіп, жүрелей отырған ақ жаулықты — менің анам. Екеуі де мені тыңдап отыр. Жоқ. Абайды тыңдап отыр. Екеуі де жалықпайды. Күнде осы. Кешкі астан соң әкем мен шешем жарыса: “Ал, көні, балам, Абайды оқып берші бізге” дейді. Қарсы бетін сарғыш жылтырақ қаңылтырмен өрнектеген үлкен көк сандықтан Абайдың өлеңдер жинағын шығарған шешем кітапты бірден ұстата салмайды. Айтпақшы, көк сандықтың түбінде тағы бір-екі кітап бар. Ебедейсіз үлкені — “Батырлар жыры”. Көз майымды тауысып, талай мәрте сапырып оқығанмын. Турасы, оқытқан. Ал, екіншісін шешем көрсетпей, үнемі сырғақтатып ұстатпайды. Сөйтсе де араб харпімен жазылған бұл кітаптың қасиетті Құран екенін ішім сезетін. Алдымен алақанына аялай қойып, парақтайды. Сосын артынша “міне, осы беттен бастап оқи бер” дейді де шүберек тысты, қоңыр мұқабалы дәу кітапты қолыма ұстатады. Маған бәрібір. Көрсеткен жерінен тақпақтай оқи жөнелем. Кей сөзді ұқсам, кейбірін мүлдем түсінбеймін. Сонда да зуылдатып оқи беремін, оқи беремін... Қыс бойы қайта-қайта оқығандықтан ба, келе-келе қайсыбір өлеңдерді жаттап алғанмын. Шумақ-шумағымен аузыма өз-өзінен құйылады-ай келіп!

— Жарайсың! Сен де Болат құсап оқитын бопсың.

Әкемнің мақтағанына әжептеуір масаттанып қалдым. Аяқтарымды көкке көтере айкастырып алып, мүдірмей оқи беремін одан әрі.

...Мінеки, осының бәрін еске түсіріп, еңсеміз көтеріліп күнұзақ марқайған көңіліміздің кешкісін су сепкендей басылғаны. Сәлем беруге жиналған құрдастарымның араларындағы үш-төрт жейдені бұрынырақ тоздырған Төкең өлдене пықсық әңгіменің ұшығын шығарған-ды. Оқығаны мен тоқығаны мол, ұзақ жылдар осы Сарыесік өңіріндегі мектептерде директор боп істеген оны ауылдың үлкен-кішісі бірдей Төкен Омарович атап кеткен.

— Егемендігімізді алып, тәуелсіздігімізді жариялағанымыз жаман болды, — деді байырғы ұстаз төтесінен. Даусының ренішке толы екенін жазбай аңғардым. Әншейіндегі байсал үні жоқ. Қатқыл әрі қарлығыңқы. Тым тарғыл естілген. — “Сынықтан басқаның бәрі жұғады”. Бабаларымыз дұрыс айтқан-ау. Жоғарыдан бастап жарыса ас беріп, той жасауды шығардық Тіпті, әдеттегі модаға айналдырып бара жатқандаймыз. Белгілі батырларды, әулие-әмбиелерді қойып, әркім өз атасына, өз руына арнап ас беруде. Ауыл-ауылды айтпай-ақ қояйықшы осы. Кейінгі кезде алақандай ауылдың бірде ана көшесі, енді бірде мына көшесінде. Кейде бір күнде екі-үш той өтетін болды. Біреудің қалтасы мен қазанын қорығаннан аллам сақтасын. Ас берсін, той жасасын, еш қарсылығымыз жоқ. Әр нәрсенің орны, жөні бар емес пе. Біздікі даңғаза тыраш. Оны да сөз қылғың келмейді. Бірақ! Әкелеріне, аталарына ас берушілер ұялмай, қызармай көшеге, мектепке, арық пен каналға тағы басқа бірдеңелерге бабаларының аттарын қоюды сұрайтын болды. Оған несіне қызғанамыз. Аудан, облыс бекітіп, дұрыс деп жатса орынды ұсыныстарға қарсылық, кәне! “Жүре берсең, көре бересің” деген екен баяғы-да-а бір білгіш. Соңғы кезде кейбір пысықайлар ауылымыздағы Абай орта мектебінің атын өз аталарының атына ауыстыруды қамдап жүрген көрінеді. Сұмдық емес пе! Неткен оғаш пиғыл. Ұлы ақынның аруағынан қорықпай ма? Дербестігіміз, тізгініміз өз қолымызда екен деп әркім теріс әрекеттерін көлденең тарта берсе, ертеңгі күні кім боламыз?!

Төкен Омаров таусылып сөйледі, ұзақ сөйледі. Ілкі сәттік тыныштықта біз де ләм-мим ауыз ашпадық. Әркім өз ойының жетегінде.

— Біздің бұл мектеп қашаннан бері ақын есімінде? — деді жерлестерімнің бірі сәл үнсіздіктен соң.

— Өзім директор болған мектеп қой. Қаратал аймағындағы ең ежелгі оқу уясы. Мың тоғыз жүз қырық бірінші жылы соғыс жүріп жатқан күзде Абай аты беріліпті.

— О-о-й, жарты ғасыр десеңізші.

— Жоға, алпыс жылдан асты ғой...

— Сондағы әлгілердің себептері не?

— Қайбір себеп. Еріккеннің ермегі да. Тойып семірген тоғышарлардың уәжі — Абайдың есімі республикамызда ондап емес, жүздеп саналатын көрінеді...

— Топастық! Оңбағандық!

— Қараңғылық бұл. Нағыз топастың қылығы.

Қызылкенірдек болған жерлестеріме басу айтудың амалын таппаған осындай далбаса күйге Абай атамыздың өзі былайша егілмеп пе еді:

*“Қазақтың өзге жұрттан сөзі ұзын,  
Бірінің-бірі шапшаң ұқпас сөзін”.*

Менің сөзімді дереу іліп әкеткен Төкен мұғалім әйгілі ақынның өлеңін жалғастырған. Әлгіндегідей емес, қабындаған ашуы тарқағандай. Әні де, жүзі де жайма шуақ:

*“Коздің жасы, жүректің қаныменен,  
Ерітуге болмайды ішкі мұзын”.*

Айтпайын десең — аузың, көрмейін десең — көзің бар. Талдықорған мен Үштөбенің арасындағы күре жолдың тура тең ортасында ықылымнан тұратын

“Абай атындағы ауыл” деген жарнама-жазуды тәуелсіздік алысымен жұлып тастадық. Ұяттағы. Совхоз тараса, тараған шығар. Ұлы ойшыл аты қалуы керек емес пе. Өйткені, Абай — елімен бірге жасайтын мәңгілік есім. Жер бетінде қазақ тұрғанда жоғалмауы тиіс. Сырт көзге ұсақ-түйек көрінуі мүмкін. Өйткенмен де. Абайға шүйліккен жерлестерімнің парықсыздығы мен өресіздігі үшін қатты қысылсам да, іштей ұлы данышпанның аруағынан кешірім өтініп, бар мұң-зарымды бүгіп жүргенде және бір келеңсіз, оспадар жағдайлардың күәсі болған едік. Сонымен...

\* \* \*

...Әдеттегі лездеме. Әр дүйсенбі сайын бас қосатын журналистер көкейлерінде жүрген мазасыз ойларын ақтарып салар орайлы сәт.

— Мен түсінбеймін, осы. Әркім өз ойына келгенін жасай беретін болса, бара-бара бөркмізді ақылдаспастан теріс кидіріп жіберер. — Кезекті нөмірге шолу жасап тұрған қаламгер Сүлеймен Мәмет күйіп-піскен. Ащы шындық пен жағымсыз қылықты бетің бар, жүзің бар демей сарт еткізіп қойып қалатын ол бұ жолы да қатты айтты. — Мәселенки, елордамыздың төрінде тұрған “Турист” мейманханасына Абайдың есімін бергені маған еш ұнамайды. Ұлы ақынды дөріптеутің басқа жолы таусылып қалғандай...

— Абай көшесінің бойында тұрған жоқ па? — деді Сұңғат оның сөзін бөліп.

— Сүлекеңдікі дұрыс. Пікірін қоштау керек, — деді әріптесі Сейфолла да.

— Мен, тіпті, байқамаппын “Туристің” “Абайға” айналып кеткенін, — деді арпа ішіндегі жалғыз бидай — Қарашаш қызымыз орнынан түрегеліп. — Өйткенмен, ұяттау екен. Келісіп тұрғаны шамалы. Бүйте берсек, осы көшедегі моншаға да, казиноға да, автотұраққа да Абай атын жапсырармыз. Жоқ, болмайды! Мәселе етіп көтерейік, газетімізге жазайық. Тиісті орындар құлақ асар. Әнтек кеткеніне ойланар. Кеше ғана арғы бетте, жаңа қалада академиялық кітапхана ашылды ғой. Ақылман ойшылдың есімі сұранып-ақ тұрған тәрзіді. Осы тарапта ой қаузап қорек қайтеді...

— Дұрыс екен, — деді Жанболат елең етіп. — Ойлану керек.

Осылайша сабаларына түскен қаламдастар бірін-бірі қоштаған-ды.

Газетшілердің пікірлері көп ретте ортақ арнаға құйып жататыны мәлім. Оған айғақ — ертеңінде “Жас Алаштың” бірінші бетінде жарияланған “Абайды қадірлеудің “Астаналық” үлгісі” атты небәрі жиырма жолдық хабар. Көне, көз жүгіртейікші:

“Кәсіподақ федерациясы “қалтасындағы” орта деңгейлі “Турист” қонақүйінің атын өзгертті. Ұлы Абайдың 160 жылдығына орай!.. Елге есімі танымал кей азаматтар, ақпарат құралдары мұны үлкен үлгілі жаңалық ретінде жариялап, бас кәсіподақшы С.Мұқашевке алғыстарын айтып жатыр.

Өткен аптаның соңында, “Турист” қонақүйінің аты өзгеріп жатқан кезде Есілдің сол жағалауындағы Ақ орданың маңайында, Бөйтеректің қасында ұлттық академиялық кітапхананың ашылуы болды. Рас айтасыз, кітапхананың ашылуы былтыр да болған. Айырмашылығы, былтыр Президентке ашылса, биыл таза оқырмандарға ашылды. Егер биліктегі есі бар “жорғалар” Абайды танып-білуге шынымен де ниет етсе, оның есімін қонақүй емес, жаңа ашылған ұлттық академиялық кітапханаға берер еді... Ама! не?.. Астанада адамзаттың Абайын осылай “қадірлеп” жатыр”. (13 қыркүйек, 2005 жыл).

Араға күн салмай алдымыздан шыққан шетін жай, қиғаш оғаштық. Ортақ үлдеден табылған, бір нүктеде қиысқан пікірлер тоғысы. Сирек құбылыс. “Егемен” болсын, “Жас Алаш” болсын тамыршыдай дөп басып отыр. Қуанған жөн. Әрине, ерте ме, кеш пе ұшқарлықпен ағат жасалған жайдақ шешімнің дұрыстарлары еш күмәнсіз.

Міне, қызық! Кешкілік теледидар каналдарын бірінен-біріне сыртылдатып ауыстырып, “жөні дұрыс бірдеңе бар ма, екен?..” деп отырғанымда, “Қазақстан” арнасынан парламент күнделігі шалынып қалды. Кілт кері бұрып, депутаттардың пікірсайысына құлақ түрдім. Сөз тізгінін ұстаған Тоқтар Әубәкіров екен. Фарышкер-депутат. Тау қозғалмаса қозғалмайтын бауырымыздың

әншейіндегі салмақты, сақи мінезі байқалмайды. Қабағы қатулы, лепесі шытырлақ — қатқыл.

Адам зердесінің зымыраны-ай десейші! Көз алдыма садақтың адырнасындай керілген сыптай сұлу жігіттің тура осыдан он төрт-он бес жыл бұрынғы кескіні қаз-қалпында жетіп келді. 2-10 қазан (1991 ж.) аралығында халықаралық экипаж құрамында космоста болып қайтқан қазақтың N1 ғарышкері іле-шала қоңыр күзде туған елін аралай бастаған-ды. Жетісу аймағында баспасөзге жазылуға байланысты іссапарда жүрген біз — “Егеменнің” Талдықорғандағы меншікті тілшісі Сейдеш Мұхаметшин, фототілші Шүкір Шахай үшеуіміз ат басын кері бұрдық. Жол бойында тізілген милиционерлердің бірінен естіп-білдік айрықша сән-салтанат сырын. “Космонавт Тоқтар Әубәкіров Жұлдызды қалашықтан ұшып келеді. Қазір қарсы аламыз...”

Дереу Алакөлге тіке тартпай, Талдықорған әуежайына бұрылды. Әр он метр сайын қойылған қарауыл-милиционерлердің қақпақылдарына қарамастан “Егеменнің” “пресса” таңбасы басылған құзыретті қызыл куәлігінің арқасында үшу алаңынан бір-ақ шықтық. Бүкіл талдықорғандықтар әуежайға үдере көшіп келгендей. Ығы-жығы. Қалың нөпірден аяқ алып жүру қиын. Тас төбеге тырмысқан салқын күздің күні шуағын мейірлене төгеді. Бал-бұл жанған адамдардың жүздері де жарқын. Көп күттірмей көк сұңқары да келіп қонды. Иін тірескен жұрт ұшақ баспалдағына дейін жайылған кілем-жолақтың қос қапталына шүпірлеп, бірін-бірі ығыстырып батырды көруге асыққан. Сөйткенше-ақ әуе лайнерінің есігінен күлімдеп шыға келген дала қыраны — өзіміздің Тоқтарды дүйім халық дүр сілкіне қарсы алған. Әсем әуез қалықтап, ду қол шапалақтаған мындаған жүректердің қошеметі әуежай аспанын кернеп кетті. Гүле оранған тұңғыш-ғарышкерді енді бір сәтте алақандарына салып, аспанға лақтырған алпамсадай жігіттер Тоқтарды төбелеріне көтеріп алып жүрді. Қандай құрмет, қандай қуаныш!

Ұмытылмас жұлдызды сәтте біз де Тоқтардың қолын қыстық. Ескерткішке суретке түсіп, блокнотымның арасында жүрген “Егеменнің” фирмалық базарлық күн тізбесіне қолтаңба жаздырып алдым.

— Батыр Бауыржан! — деген космонавт алақанындағы аядай портретті аялай сипап, күнтізбенің шетіне “Батырлардың даңқы биіктей берсін!” деп қолтаңба қалдырды.

Совет Одағының Батыры атағы жарты ғасырға жуық уақыт өткеннен соң берілген Бауқеннің құрметіне арнап шығарылған “Егемен Қазақстанның” түрлі-түсті қалта күнтізбесінде Момышұлының ақ тон киген әйгілі әскери суреті бейнеленген-ді. Уақыттың тіл қатысуын көрмейсіз бе?! Кезінде қолайсыз ауа райы жағдайында теңіздегі “Тбилиси” авиакрейсеріне “Миг-29К” ұшағын қондырып және сол жерден тұңғыш рет ұшып шығаруды жүзеге асырған сынақшы-ұшқыш қазақ жігітінің ғажайып ерлігі жер-жаһанды таң қалдырған екен. (Әрине, осынау құпия ерлікті кейін білдік қой. Ж.Е.). Осы батырлығы үшін Кремль Совет Одағының Батыры атағын Тоқтарға қимай-қимай әрең беріпті. Өкініштісі, бұл турасында да пәленбай уақыт өткеннен соң естідік емес пе. Тұңғыш қазақ ғарышкерінің қолтаңбасының сырын, ондағы жалғыз ауыз сөздің мәні тым тереңде жатса керек. Айтпақшы, Тоқтардың сол қолтаңбасы менің қастерлі бұйымдарыммен бірге сақтаулы...

Әуелгі әңгіме ауанынан ауытқып бара жатқан сияқтымын. Уақа емес. Баяғыдан гөрі толыққан, байсал тартқан депутат Тоқтар күйзеле сөйлеп отыр:

— Ономастика комиссиясы қайда қарайды? Кім не айтса, сонымен келісе бере ме? Абай қонақ үйі. Осы дұрыс па, өзі? Айтыңыздаршы. Ұлы ақынымыз аты берілетін басқа объектілер құрып қалды ма? Меніңше, Абайға бүйітіп шүйлігуге болмайды. Даралайтын болсақ, қадірлейтін болсақ — бәрі де биік деңгейде, өркеніетті жағдайда әспеттейік. Қысқасы, Астанадағы “Турист” мейманханасын “Абай” деп атауға түбегейлі қарсымын. Тез арада өзгерту қажет.

Оғаш нәрсе әмсе көзге сүйелдей көрінсе керек. Ең бастысы, өзімізді-өзіміз қастерлеп, қасиеттей алғанымыз жөн-ау. Әйтпесе, қазақ халқының рухани көсемі саналатын данагөйіміздің есімін көрінген жын-ойнақ пен ақыл-есінен алжас-

қан ішкіштердің ұясына даңғазалап жапсыра бермес едік қой. Маңайыңызға қарап, төңірегіңздегі таныс-білістеріңізбен сөйлесіп, сыр суыртып ақтап көріңізші. Тілін тістеп жүрген талайлар сайрап қоя береді. Сондағы еститініңіз...

“Бұл — Абайды құрметтеу емес, керісінше келемеждеу, қорлау деген сөз”

\* \* \*

Ойпырмай десейші! Бұдан біраз жыл бұрын өз ауылдастарымның бойынан ұшыратқан рабайсыз келеңсіздікті ішіме бүгіп жүргенімде, сорақы сұмдықтардың сопайып еліміздің әр қиырынан андыздап шыға келгені бар. “Тісе – терекке, тимесе — бұтаққа” болмасын, нақты деректер мен ащы мысалдарды көлденең тартайық. Қауесет емес, ақиқи дәйек.

Қазақстан Республикасының Абай атындағы Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, белгілі ақын-драматург Иран-Ғайыптың “Қазақ әдебиеті” газетінде жарияланған “Бөлкім, нұрлы ой салар...” атты (30 қыркүйек, 2005 жыл) толғанысы талай жүректерді сыздатары даусыз. Қызылорда облысының әкімі Икрам Адырбеков мырзаның тікелей назарына бағышталғанымен бұл үшбу-уәждің салмағы мен келешекке сабағы — зілмауыр. Әрине, көкірегіңде сызат-сәуле болса, әйтпесе бишікештеріміз “ит үреді, керуен көшеді” деп құлақтарын тарсытығындап жүрмесе. Сонда... әр жазғаны, әр түрткені өресі биік қалың оқырманның көңілінен қағас қалмайтын семсер тілді ақын не дейді?

Бөгде біреуге жекебастық көрінгенімен, бірақ өсте олай ойламаңыз, қателесесіз. Тіл ұшына жетіп келгені: “Ханы ақынын іздеген ел — бақытты ел”. Кімнің сөзі? Қаперіңізде жүрсін — өйгілі Шыңғысхан! Жұдырықтай жүрегің тыншытпаған Иран-Ғайып ащы базынасын ақтарыла айтып, кекті-жырдың тиегін ағытады:

<i>Ойшыл,</i>	<i>Абайдың —</i>	<i>“Абай” атты</i>	<i>Мін?!</i>
<i>Дана,</i>	<i>Не Жазығы?!</i>	<i>Ауылда —</i>	<i>Арғын ба —</i>
<i>Данышпан,</i>		<i>Туғаным ба,</i>	<i>Ру Ыласы?!</i>
<i>Рухани Жан</i>	<i>Зар кештім —</i>	<i>Бар Кінәм?!</i>	<i>Колхозға —</i>
<i>Азығы —</i>	<i>Нөң қауымда,</i>	<i>Болсақ —</i>	<i>“Абай” есімін</i>
<i>“Мыңмен жалғыз</i>	<i>Құтылмай —</i>	<i>Солай...</i>	<i>Бергені ме,</i>
<i>алысқан” —</i>	<i>“Ит-қарғыдан”:</i>	<i>Несі —</i>	<i>Күнәсі?!</i>

Түсінбей қалдыңыз ба? Сәл сабыр. Жоғарыда мезгедім емес пе. Абайға шүйлігі жер-жерден бой көрсетіп қалады деп. Тек, атойлаған науқанға айналып жүрмей. Абай атамның өзі:

<i>Көңілім қайтты достан да,</i>	<i>дұшпаннан да,</i>	<i>Алыс-жақын қазақтың бәрін көрдім,</i>
<i>Алдамаған кім қалды тірі жанда?</i>		<i>Жалғыз-жарым болмаса анда-санда. —</i>

деп күйінгендей, Иран-ақын да сезім түйткілдерін жыр тілімен жеткізуге ұмтылған. Басты себеп не дейсіз ғой тағатсыздана. Ендеше, ақын өлеңіне келтірілген эпиграфты оқыңыз.

“...Кеңшардың ежелгі “Абай” атын жаппастың Ленин орденді күрішші Досан шалының атына шұғыл түрде аударту ұсынысының қатаң талабымен іргедігі ауылыңыздан, Әбдіхан бастаған, құрамында 18 өкілі бар арнайы делегация жаңа ғана арыз-шағымданып келіп кетті... “Абай” деп Иран-Ғайыптың өкесі Әбітай қойған... Бізге — Олардың былшылығының түкке де керегі жоқ!” — дейді... Не істерімді білмей дал болып отырғаным... Осыншалық түпсіз құрдымға дейін кері құлдилағанмыз ба, сонда...” —

### **Қызылорда қаласының бұрынғы әкімі Қожахмет Баймаханов мырзаның телефон арқылы айтқанынан.**

Күйінесіз бе, жоқ па?

Қиқым тірлік, қиқым ой. Ұрпақтан-ұрпаққа көше бермек пе? Ашынғаннан шығады ащы сөзің. Қиналған жыр-жүрек шамырқанған ойын мәймөңкелемей ашық түйеді:

Жерге, Ел болмастың Кісіліктен — О, Надан-ай?!  
Жікке бөлінген — Адамы-ай: Жерінген. Надан-ай!

Бұдан асырып айту мүмкін де емес.

\* \* \*

Сүйікті менің, оқырманым! Қолға қалам ұстаған соң, көңілге сыймас жағдаяттарды өзінмен сыр етіп бөліскенім ғой. Әр уақытта, әр кезде қойын дәптеріме түртіп қойған жазбаларды толықтырар тағы бір түйткілді, онда да Абайға қатыстысын даралап отырмыз.

1999-2004 жылдар аралығында ғана Мемлекеттік ономастика комиссиясының шешімдеріне сәйкес және Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлықтарына орай 359 елді мекенге атау берілді, қайта аталды және транскрипциясы өзгертілді. “Большевик”, “Ильич”, “Қызыл Октябрь”, “Социализм”, “Коммунизм”, “Коминтерн”, “Победа”, “Партсъезд”, Ленин, Киров, Ворошилов, Буденный, Свердлов, Херсоновка, Покровка, Холмогоровка, Красное поле, Русская Таловка, Казгородок, Покорное, т.б. елді мекендерге бұрынғы тарихи атауы қайтарылды. Енді бұлар көңілге де, жүрекке де, санаға да шуақ төгетін Қабанбай батыр, Олжабай батыр, Аққұдық, Ақой, Алтындала, Сұлусай, Ботақара, Үшкөпір, Мырзашоқы, Қасқасу аталды. Шұчые ауданындағы Қотыркөл ауылдық округі, ауылы, көлі Қатаркөл деген өз атауын тапса, Ақтөбе облысындағы “Челкарский район”, “город Челкар” елді мекендері орыс транскрипциясын өзгертумен әу бастағы дұрыс атауы Шалқарға оралды. Березинді ығыстырып Қайыңды, Рассветті итеріп Қарағаш, Покорноенің орнына Баймырза келді. Әділеті де, жөні де осы ғой.

Тамаша! Көңіл өсіріп, мерей маркайтады. Артынша-ақ асқақтаған көңілді су сепкендей деректі оқығанда, дәрменсіздіктен пұшайман күйге түсесің.

Қостанай ауданының Абай ауылдық округі Мемонкомның шешімімен Заречный ауылдық округі болып қайта аталған. (“ЕҚ”, 11 қазан 2005 ж.).

Қалайша? Не үшін?

Жауабын дөп таба алмайсыз. Оңай да, қиын жұмбақ сауал. Бәлкім, жергілікті тұрғындардың талабы. Олар кімдер? Сонда немене, өз елімізде, өз жерімізде отырып ауыз аша алмағанымыз ба?! Қашанғы бұқпантайлаймыз?

Жоқ, әлде Абайға шүйлігудің жалғасы ма? Түсінбедім-ау, түсінбедім. Көмейіме кептелгені сұңғыла ойшылдың өксікті лүпілі:

*Ішім толған у мен өрт, сыртым дүрдей,  
Мен келмеске кетермін түк өндірмей.  
Өлең шіркін — өсекші, жұртқа жаяр,  
Сырымды тоқтатайын айта бермей.*

Иә, біз де жүрек сыздатқан жанайқайымызды тізбелемей, кейбіреулердің жүйкесін жұқарта бермей тоқтатқанды жөн көрдік.

**“Арақ деген жың екен ғой, бауырым!..”**

— Тілеулес ағаны танымадың ба? — Құлағымның түбіне сыбырлаған Мешітбек таяғын тықылдатып, асхананың биік табалдырығын өрең-мөрең аттап, ілгері ұмсынған қарияның ізінен тесіле қараған күйі. — Жаңа сәлемін селқос алдың ғой. Қатты қартайып, мүжіліп-ақ кетіпті.

— Райком аға ма? Құдай ақы, рас, танығам жоқ. Әйтпесе жөн сұраспаймын ба? Қап, ұят болды-ау!..

— Жә-рай-ды. Жүр, біз де ішке кірейік. Асаба жұртты залға шақырып жатыр. “Жар-жарды” айтуға дайындап жатқан секілді. Реті келсе, үзілісте жолықтырам. Бар жайды өз аузынан естірсің...

“Той жырының” тамаша өуеніне еліткен көпшілікпен бірге біз де алға жылжыдық. Шоқ-шоқ гүл көтерген үлкен-кіші жайрандаған, күлімдеген жастар. Көбін жыға танымаймын. Бас изесіп өткендердің кескін-келбеттеріне қарап,

өлдекімдерге ұқсатамын. Шырамытқандарымның дені айна-қатесіз келгеніне мезбін. Бірінің көзі, енді бірінің сөйлеу мақамы, ал үшінші бірінің жүріс-тұрысына шейін тура сойып қаптағандай, әке-шешелерінен айнымайды-ау. Андасанда басымыз қосылып, арқа-жарқа боп қалатын ауылдастардың той-томаларына жиналғанда елдің жаңалығын естіп, әжептеуір марқаяр ек. Соңғы жылдары әке-шешелеріміздің көзін көргендер қатары сирегендей. Қалт-құлт етіп, бір-біріне сүйенген бірлі-жарымының өзі алғашқы үзіліске өрең шыдайды. Төбе көрсеткендеріне риза-хош. Сондықтан да болар, үстел басына отырғанға дейін өзім шырамытқан ағайындардың жөн-жосығын жанымдағы туған бауырымдай боп кеткен Мешітбектен сұрастырамын да...

“Ана-у, шілінгір қара Оңалбек ақсақалға ұқсайтын төрізді...”

“Мына сырықтайыңның бойы да, ата қаздай балпаң-балпаң басқанына шейін құдды Мүкең — Мүбәрак ағадан аусайшы. Әй, осын жалғызы Серіктен-ақ туған немересі шығар...”

“Әнеу бір бала құшақтаған төмпіші танау Светаның кенжесі болар. Аузынан түсіп қалғандай, домаланған бітім-пошымна қарашы...”

Өстіп кірген-шыққандарды түгенлеп тұрғанымда шеткеріректегі оқшау орында соқа басы сопылып отырған Райком ағаға көзім түсті. Екі иығына екі кісі мінгендей еңгезердей тұлғасы әбден шөгіпті. Арса-арсасы шыққан жүзі де сынық. Иір мүйіз сапты таяғымен жер шұқып отыр. Ауылдаспыз. Бөлендей жақындығым да жоқ. Әйтеуір, бір білетінім атқа тым ерте қонған адам. Ұзақ жылдар колхоз-совхоз басқарып, райкомға табан іліктіріп, төңірегіне төбеден қарап, “ішкені — алдында, ішпегені — артында” дегендей заманында оңды-солды шайқаған жан. Ұмытпасам, зейнеткерлікке аудандық партия комитетінің бірінші секретарылығынан шығып, астанаға — Алматыға көшіп келген-ді. Қырық жыл атқан түспеген адам тас үйде қаналып отырушы ма еді?! Әлде, құрылыс, әлде ауыл шаруашылығы министрлігінде қатардағы жауапты шенеунік боп жүрді-ау деймін. Сондықтан да болса керек біздің Сарыесік аймағының үлкен-кішісі бұ кісіні Райком аға атап кеткен. Дегенмен, ежелден айтқыш қазекем әманда дәл тауып айтады. Менмен, тәкаппар, шектен тыс паң ағамызбен аралас-құралас болмасам да, алдына бірер мәрте барғаным емес-емес есімде. Ертеректе “Лениншіл жаста” істеп жүргенімде, облыс орталығы — Талдықорғанда өткен үлкен бір басқосудың (қандай жиналыс екенін білмеймін. Конференция ма, кеңес пе?) Үзілісінде, екі-үш кісінің жанында тұрған бейтаныс ауылдас ағаға елпіндеп, жүгіріп барып сөлем берейін. Балқаштың жағасындағы балықшы ауылдардың бірінен екенімді, аты-жөнімді тақылдағып жеткізейін. Кекірік атқан, көпті көрген — көргенсіз Көкем: “Иә, сен өзін жалайырсың ба, арғынсың ба?” деп дүңк еткізген. Қасындағылардан шіміріксейші. Әлде “қотыр ат соқыр атқа үйір”. Қымсынып, ыңғайсыз санамағанына қарағанда “бір қалыптан шыққандар” шамасы. О кезде сары ауыз балапанмын, қазіргідей тісқаққан “әккі” емеспін. Бетіне түкіріп, жалт бұрылып кететін. Төле би бабамның “Жүзге бөлінгеннің жүзі күйсін” дегенін де кейін естіп жүрміз ғой.

Әйтпесе... Осы оқиға оқта-текте ойыма түссе, қараптан-қарап қаным тас төбеме көтерілді-ай! Құдайға шүкір, бала өспей ме, жас ер жетпей ме? Кейін де Тілеулес ағамен Жетісу өңірінде өткен талай-талай алқалы жиындарда, дабырлатқан тойлар мен астарда кездесіп қалып жүрдік. Игі жақсылар мен атақтылар қатарында иық тіресіп сан мәрте қатар отырдық. Тіпті, кей мезеттерде қаламының арқасы болар, менің мерейім үстем түсіп, мысым басатын. Жә, ретті тұста айтып жатқаным да. Тәуба! Кеудемді соқпай-ақ, өрекіліп елірмей-ақ өу бастан, темірқазықтай бекем ұстанған “бетегеден — биік, жусаннан — аласа” бағыттыман тайған емеспін. “Ақырын жүріп, анық басқанға” не жетсін. Өйтпесең, қарсы алдымда отырған Көкемдер әр-әр жерде көзге ілгісі келмегенін іші құрғыр сезеді-ау. Табалағандық емес, бұ күнде бағы басынан тайған ауылдас ағайдың халі мүшкіл. Жаныңды ауыртатын жағдайын дұшпаныңның басына бермесін. Әлденеше рет естісем. Жұрт аузына қақпақ бола алмайсың ғой. Бәрі арақтың кесірі. Айрандай ұйыған бір үлкен өулеттің дүрілдеген даңқынан айырып, құтты қара шаңырағын шайқалтып, тоз-тозын шығарған ащы судың шатағы...

Тойды ұршықша үйірген асабаның бұйрығымен жар-жар айтылып, беташар ырымдары жасалып, жиналғандар өз-өз орындарына жайғасқан. Ақ тілектер ақтарылып, екі жасқа бата берген үлкендер сапында Тілеулес ағамыз да лебізін білдірді. Көңілі де, екпіні де пәс. Бір жақсысы, үйреншікті жаттанды мыжыманы сапырмай, қысқа қайырды. Құттықтау лепесінің соңын: “Қарақтарым, осы пәледен аулақ болыңдар” деп түйіндеген. Райком ағаның ойын біреулер ұқты, біреулер аңғармады.

Өз ойымды құрықтай алмай, аласапыран күй кешкен мен Тілеуле ағаға қалайда жолыққанды жөн көрдім. Сыр суыртып ақтап байқайын, мүмкін өңгімеміз жарасар. Құр пыш-пыштан гөрі... Иә, несі айып?

Тағатсыздана күткен үзіліс те жарияланды.

— Ал, ағайындар, аздаған антракт. Үлкендер жағы бел жазып, емін-еркін тынықсын. Жастар би мен ойын-сауықты одан өрі қыздырады.

Асабаның сөз ұшығын сезе қойған көпшілік орындарынан өре түрегелген. Отыра-отыра шаршағанға ұқсайды. Шаршамағанда ше? Соңғы кезде қазақтың тойы мылжың жиналысқа айналып бара жатыр-ау, осы. Бірінің сөзін бірі айнақатесіз қайталап, той жүргізушінің тыңдамай тұрып алады. Көп алдына қаздай тізіліп шыққан құда-құдағилар, көрші-қолаң, жолдас-жора, кластас-жора, немерелер... сағыздай созып, жүйкенді жейді. Әр топтың атынан жалғыз біреуі тілегін жеткізсе болады ғой. Жок! Міндетті түрде бәрі сөйлеуі керек. Әйтпесе, қазақ бола ма? Даңғойлық тыраш...

Ат шаптырым залдың бір бұрышына оқшауланған ежелгі танысыма барып қайта сәлем бердім.

— Әлгінде аңғармай қалдым, Тілеулес аға. Хал-жағдайларыңыз қалай?

— Шүкір, рахмет айналайын! Үстелдің үстінде шырамытып отырдым. Астана жақта деп естиміз ғой, әйтеуір. Аман жүрсендер бопты. Мына тойға ұялғанымынан келдім сүйретіліп. — Маңайына жалтақтай көз салған ол таяғына сүйеніп, орнынан қозғалақтай бастады. Миыма жетіп келгені “өңгімелескісі келмей тұр-ау”. Сөйткенше сыбырлай үн қатты. — Мына айғай-шуыңнан құлағым бітеліп қалғандай. Жүр, әнеу-у бір дәліздегі жұмсақ орындықтарға барып отырайық. Өзінді көп болды ғой көрмегелі.

— Иә, біраз уақыт...

— Қарағым, айналайын, халдің несін сұрайсың?! — деді Тілеулес аға креслоға жайғасып жатып. — Кел, бері таман. Менің жағдайымды естіген шығарсың. Әкем марқұм айтып отырушы еді бала кезімізде. “Жақсының арты жын болар” деп. Сонда түгіне түсінсемші. Тоз-тозымыз шығып, шүйкедей немеремнің қолында қалт-күлт күн кешіп отырмын. Үш ұйықтасам, түсіме кірмепті-ау, тағдырдың осылайша аяқталарын кім білген? Райкомда жүріп пенсияға ілінген соң Алматыға көшіп келгенімді өзің де білесің. Өмір-бақи жинаған қаржыма тау жақтан әйдік үй сатып алдым. Аяқтанған балаларымның өз жайлары бар. Астыларында — мәшине. Екі ұл, жалғыз қыздан көрген төрт-бес немеремнің ортасында, құда-құдағилардың жанында өп-әдемі өмір сүріп жатқандай едік. “Тамағы тоқтың, жұмысы жоқтың” не істетпейді десеңші. Үлкен қаланың тірлігіне гүмп беріп сүңгіп кеткен біздің әуелгі сән-салтанатымыз, ойлап отырсам, ішімдіктен басталыпты. Ең алдымен, құда-құдағиларымыз боп, бала-шағамыз боп Алматының төрінен ойып үлкен үй алғанымызды жудық, алматылық болғанымызды тойладық. Ерулікке шақыру басталды одан соң. Бұрын қызмет бабымен тартыншақтап жүретін өз басым келе-келе ақанды еркін сілтейтін болдым. Думанды күндер айларға ұласты. Әншейінде менің аузымды бағып отыратын бөйбішем де шарабыңа үйірсоқ боп алды. Сылтау, себеп толып жатыр. Мереке, той-томалақ, туған күн... Бүгін — анда, ертең — мұнда. Жаңа жыл, 23 февраль — жігіттердің күні, іле-шала қыз-келіншектер мейрамы... Бұл мерекелердің арасында өңкей туған күндер... құданың, құдағидың, балалардың, келіннің, немеренің... Өстіп біріне-бірі жалғасып келесі Жаңа жылға қалай жетіп келгенімізді сезбей, басымыз өңкі-төңкі. Саған өтірік, маған шын. Тіпті, үш жүз алпыс бес күннің бәрінде де аузымыз бір құрғамапты-ау. Мінеки, ақыр аяғында не болғанын

өзін көріп отырсың, қарағым. Құтты шаңырағымыз шайқалып, бүкіл әулетіміз құрып бітті. Құрымағанда несі қалды. Айтшы, өзін...

Мен үн-түнсіз бас изеген болдым. Ол ашы запыран зарын қайта төкті.

— Ішіп алып көшеге шығып кеткен жеңгенді мәшине қағып кетіпті. Екі-үш күннен соң, зорға дегенде моргтен тауып алдық. Екі ұлым да сүттей ұйып отырған семьяларынан айырылып, қаңғып жүр. Араққа салынып қайтыс болған үлкен келіннің өлімін күйеуінен көріп, құда-құдағиымыз біздің ұлды — өздерінің күйеу балаларын соттатып жіберді. Балқаштың түрмесінде жатқанына төрт жыл. Өбектетіп, еркелетіп өсірген екінші ұлым бизнеспен айналысам деп менің өлгі әйдік үйімді кепілдікке сырттай салып жіберіпті. Қарызға белшесінен батып, түк шығара алмаған. Өз қолыңды өзің кесесің бе? Ол да темір торға қамалып жүрмесін дедік. Амалсыздан үйімді беріп, өйтіп-бүйтіп құтылдым. Хал-жағдайдың несін сұрайсың. Қаңғырып далада қалдым емес пе? Жарты жылдай жалғыз қызымды сағалап жүрдім. Маскүнем күйеу балам таяқтап қуып шықты ғой. Өлгінде, айттым, қадірің қашқан соң — кімге керексің. Қазір жұдырықтай ғана немереммен бірге тұрып жатырмын. Жылап-еңіреп жүріп ішімдік шырмауына шатасқан мені бұл өмірге қайта алып келген осы құлыншағым. Мүмкін, Құдайдың көзі түскен шығар. Дәрігерлерге қаратып, әртүрлі амалдарын жасатып Арыстанбаб әулиенің басына түнетіп, Түркістанға дейін апарды ғой. Мен мұның бәрін тәптіштеп айтып отырғаным бар жайды өз аузымнан естісін дегенім де. Жұрттың сыпсыңы әрегідік менің құлағым да жетіп қалады. Не істеймін? Талайсыз тағдырдың тауқыметі мен тәлкегі. Көремін да, көнемін. “Арақ деген жын екен ғой”, бауырым. Данышпан Аристотель қалай дәл тауып бейнелеген десеңші.

Іштегі шерін шығарған Тілеулес аға орнынан ауыр түрегелді.

Менің де бойымды қорғасын ойлар мүлдем құрсаулап тастағандай.

Арақ-тажалдың, арақ-әзәзілдің, арақ-шайтанның талай адамның түбіне жетіп, талай тағдырдың шаңырағын шайқалтып, талай жанды ақ жолдан тайдырған обыр ойранын ешкімнің басына бермегей...

## “Социалистіктен” қалай құтылдық?

Әр ұжым үшін есте қалар ерекше күн болады. Міне, бүгін сондай маңызды да, тарихи күн! 18 маусым, 1991 жыл. Газет аты өзгерді. 54 жыл бойы “Социалистік Қазақстан” болып шығып келе жатқан газетіміз “Егеменді Қазақстан” деген жаңа атпен жарық көріп отыр. Өмір-бақи “СҚ”-ның шекесінде тұратындай көрінетін девизи — ұрансөзі “Барлық елдердің пролетарлары, бірігіңдер!” орнына қорғасыннан құйылған “Егемен болмай — ел болмас!” шақыруы орнады. “Егеменді Қазақстанның” №139-шы тұңғыш нөмірінің ұрансөзі айбарлана айқайлап тұр: “Азаттық. Теңдік. Туыстық!”.

Жаңалықты жұрт тез көреді, бірден байқайды. Ертелі-кеш дамылсыз құттықтап жатыр. Телефон шалушылар да, аяғымен келіп бас сұғушылар да көп. Әрине, басылым атының өзгергені туралы редакциялық мақалада бүгіліп қалған біраз жайлар бар. Біз үшін үлкен оқиға саналған газет атын өзгерту барысындағы қалың көпшілік біле бермейтін кейбір қалтарыстарды ретті тұста ашық айта кеткенді жөн көрдім.

Ел еңсесін көтерген демократия дүмпуі жетпіс жыл бойы партияның қолшоқпары боп келген сықпаған “СҚ”-қа да жеткен. Әсіресе, соны сілкініс, бұлғақ мінез газет басына еменнің қарсы біткен иір бұтағындай Шерхан Мұртаза отырған сөттен айрықша байқалды. Шығармашылық ұжымды басқаруда өзіндік дара стилі бар қайтпас-қайсар редактор ө дегеннен “СҚ”-ның сірескен сеңін шылпара сөгуді батыл қолға алды. Жоғарыға жалтақтамай, Үлкен үймен “ақылдаспай”, Кремльдің көңілін ауламай, партияның гүрзісінен қорықпай-ақ, тура ертеңгі газеттің материалдары жоспарланып жатқанда, макет сызылып, бет қатталу үстінде өз ойы мен талабын орындатып отырды. Сөйтіп, газеттің мазмұны мен бет-бейнесін аз уақыттың ішінде түбірімен өзгертуге құлшынды. Әрине, мұндай

қыруар істі, көтерілмеген тыңды, алынбаған асуды жалғыз редактор ғана тыңдыра алмасы анық. Ең ғажабы, Мұртаза қатып-семіп, бұйығы әрі жалтақтап қалған шығармашылық ұжымды қайта тірілтіп, жанартаудай дүр сілкіндірді. Редактордың күдіреттілігінің өзі, міне, осында! Журналистер қаламына еркіндік берді, жүрегіне от жақты. Сөт сайын демеп, қолдап отырды. Арыстанның көз алдында қайта түлеген басылым беделі қысқа мерзімде соқталана түсті.

Біреу ғана мысал: Қадым заманнан айтылып жүрген ай аттары қазақша жазылды. Москва, КПСС, ТАСС, Указ, Секретарь т.б. тікелей жоғары жақтың кұзырына телінетін ресми терминдер газет бетінде, верстка үстінде батыл тәржімаланып берілді. Келімсектердің тілінде жазылып, шұбарланып кеткен елді-мекен, жер-су атаулары жөнінде жүрексіңбей-ақ “Жеріңнің аты — еліңнің хаты” деген айдармен мәселені бүйірден қойды. “Ов”, “ев” қамытынан құтқарған да, “Алтын-күмістің үстінде отырсақ да, өз қолың өз аузыңа жетпейді” деп дабылдатқан да, “Кіші 37” емес пе?” деп бүкіл елді елең еткізген де — өзіміздің Шераған. Газет рейтингін көтерген мұндай материалдарды ондап санауға болады. Бірақ, қажеті шамалы. Айтпағымыз ол да емес. Әрине, сөз де естіді, ескерту де алды. Әйткенмен журналистерін жарға жығып, отқа күйдірмеген...

Мерейі өскен Шераған “таяу арада жүзеге асырсам” деген арманын оқтын-оқтын сездірді. Ол — газет атын өзгерту. Ақиқатын айту керек, қырдан лекіген алтынкүректің лебіндеі, соңғы кездегі өзгерістер нышаны мен уақыттың өзі қылтитқан бұл мәселені лездемелерде жігіттер көтеріп жүрді. Толғағы жеткен проблеманы ұжым назарына алып шыққан бас редакторымыз Шерхан Мұртаза:

— Қашанғы “социалистік” боп жүре береміз. Газетіміздің атын өзгертуіміз тиіс. Көне, қайсыңызда қандай ой бар. Ортаға салайық. Ақылдасайық. Мәселенки, мен “Азат Қазақстан” атауын ұсынар едім. Әрине, жүрегім сезеді. Саяси Бюро өткізбейді. Сөйтсе де “Торғайдан” қорыққан тары екпейді” демекші...

— “Азат Қазақстан”. Тамаша екен! Орталық Комитетке ұсынып көрейік, — деді тілшілер бөлімінің меңгерушісі Кеңесхан Зәкен бөгелместен.

— “Қазақстан” деп атасақ қалай болар екен, — деді бас редактордың бірінші орынбасары Ержұман Смайыл өз пікірін дәлелдеп.

— “Егеменді Қазақстан”, немесе “Қазақ елі...”.

Түс-түстан айтылған ұсыныстар, қолдаулар ортақ арнаға кұйылған.

— Көне, Ержұман мырза, — деді Шераған бір кезде. Шапшандатып Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті Саяси Бюросы атына “Социалистік Қазақстан” газетінің атын өзгерту мәселесі туралы ұсыныс-хат әзірлеңіз. Ұжымның ұсынысы мен талап-тілегін тегіс көрсетіп жазайық. Егеменді елімізге социалистік атауы жараспайды.

\* \* \*

...Көп ұзамай сүйінші хабарды бас редакторымыздың өзі жеткізді. 5 маусым күні түстен кейін бүкіл ұжымды кабинетіне жедел жинаған Шераған:

— Иә, халдеріңіз қалай? — деді жайрандап. Үнінен де, керілген қабағынан да жақсылық нышаны аңғарылады. — Түнеугүні газеттің атын өзгерту жөнінде Орталық Комитетке ұсыныс бергендеріңіз естеріңізде шығар. Осы мәселені бүгін Саяси Бюрода қарады. Сіздердің тілектеріңіз қабыл болып, кұдай бұйырса, бұдан былай газетіміз “Қазақстан” деп аталады.

Бастығымыздың сөзін аяқтатпастан шатырлата қол соғып жібердік. Қатар отырған жігіттер жымындасып, қол алысып құттықтап жатыр. Сөл саябыр сөтте Шераған сөзін жалғаған.

— Фирманы өзгерту керек. Суретшілерге заказ беріп, конкурстық негізде газет атауының бірнеше түрін жаздырып, дайындай беріңдер. Арнайы қаулы шығып, қай кезден бастап қоятынымызды қосымша ескертеміз.

Осы уақытта көп телефондардың бірі шар ете түсті.

— Ало-о!.. Иә, Өзеке... Коллективті жинап, жаңалықты айтып жатыр едім ғой... — Ілкі мезеттік үзілістен соң, іле тіл қатқан Шерағанның даусы әлгіндегіден

гөрі қатқыл шыққан. — Немене, сонда бізді қайтарып жіберіп, өздеріңіз шеше салғансыздар ма?.. Ендеше, девизін жанаша өзгертіңіздер... Менің ұсынысым “Азаттық” деген сөзді кіргізу керек. Бірде-бір сөзіміз өтпесе неғып отырам. Онда отставкаға кетем...

Телефондағы әңгімеге құлақ түрген ұжым үн-түнсіз. Ашу бұған редакторымыз кіммен сөйлесіп отырғанын әуелде-ақ аңғарғанбыз. Қателеспептік. Телефон құлақшасын сылқ еткізіп ұясына тастай салған ол:

— ЦК-дан, Жәнібеков звондап жатыр, — деді зілдене. — Газет “Қазақстан” емес, “Егеменді Қазақстан” деп өзгертін болды. Ал ұраны: “Азаттық. Теңдік. Туыстық!”. Өздерің де естідіңіздер. Зорға келісті. “Азат” сөзінен қорқады шетінен. Үрейленетін несі бар. Жаңа атауларың құтты болсын! Бұған да шүкір. “Егемен болмай — ел болмас” деген ғой бабаларымыз...

Қабағы жарқырап, құрыс-тұрысы жазылған Шерхан аға орнынан байсал түрегеліп бәріміздің қолымызды ықыластана қысып шықты. Ойының орындалғанына қуанғандай. Біздің де көңіліміз шат.

Жамаудай жапсырылған “социалистік” тіркесінен жарты ғасырдан кейін осылай құтылған едік.

\* \* \*

Іле-шала газет фирмасының жаңа түріне конкурс өткіздік.

Басылымның байырғы суретшісі Жанұзақ Әбдіғұловтан бастап, Николай Лебедев, Рустем Жұмакенов, Александр Шестаков, Ерхасан Көмеков, Володя Черданцев, Борис Ильин секілді белгілі баспасөз қылқалам шеберлері дәуір тынысына, уақыт талабына қарай жасаған бірнеше дүниелерін ұсынды. Әрине, газеттің фирмасын жазу оңай шаруа емес. Журналистер тілімен бейнелеп жеткізсек, ол — газеттің шапқасы. Көзге отғай басылып, сонадайдан атойлап тұруы керек. Айбарлы да, айшықты шалынуы қажет. О кезде бізде газеттерді полиграфиялық безендіруде компьютер өлі пайдаланылмайтын. Сондықтан суретшілер газет атауын қолмен жазып, штрих үлгісінде орындады. Алғашқы іріктеуде редколлегия мен комиссия мүшелері бірден Шестаковтың жасаған жұмыстарына назар аударды. Қиялы ұшқыр тәжірибелі газет суретшісі “Егеменді Қазақстан” фирмасының 8-9 жобасын ұсынған еді. Осылардың арасынан сұрыпталып алынған үш туындысын қатал сын тезінен өткізіп, ескертпелерді қайта-қайта жаздырып енгізгеннен соң, Шераған жетекшілік еткен топ “Егеменнің” Қазіргі нұсқасына тоқтады.

Марқұм Сашаның қолынан шыққан бұл фирма қалың оқырманның, белгілі мамандардың ойынан шыққанын қадап айтқан жөн. Биік талғаммен, дизайндық үздік шеберлікпен жазылған “Қазақстан” сөзіне ерекше мән берілген. Акцент әр әріпке, әр шрифтке қойылғанын аңғару қиын емес. Тар жол, тайғақты соқпақтардың қилы-қилысын бастан кешірген ежелгі еліміздің болашаққа батыл беттеп бара жатқанын әріп-бейнеден анық байқайсың. Зер сала, жігі жанар жүгіртіп көріңізіші. Әріптер ілгері адымдап, жүріп бара жатқандай. Динамиканы, қозғалысты сезесіз. Қазіргі алфавиттің дабырасыз тоғысынан өзіміз қолданған араб және латын әліпбиінің үлгі-кескіндері әп-әдемі жымдастырылған. Қылқалам шеберінің қиялын байытып, ойын ұштауға тікелей араласып, иненің жасуындай ғана болсын үлесім барына өз басым өмір-бақи қуанатынымды жасыра алмаймын.

Осы орайда редакция басынан өткен бір жайды айта кеткім келеді. Ертеректе, алпысыншы жылдары “Правда” газеті фирмасының шрифтісі үлгісінде жазылған “Социалистік Қазақстанның” нұсқасын өзгертіп, тұтас бетке жайып (21 кв) жаңадан жазып шыққан күні дүние дүр сілкінгендей болыпты. ЦК-дан бастап, барлық оқырмандар “СҚ” фирмасының жаңа нобайына наразылық білдіріпті. Республиканың түкпір-түкпірінен телефондар шалынып, жеделхаттар қарша жауған. Сөйтіп, жаппай қарсылықтың салдарынан көзқанық бұрынғы газет фирмасы ертеңінде-ақ қайтадан орнына қойылыпты. Мұны оқырманның бірі білсе, бірі білмейді. Сырт көзге ұсақ-түйек көрінер фирма төңірегіндегі әңгіменің техникалық қалтарысы, міне осындай. Ал оның саяси астарына қатысты жайды куәгер аузынан естіік.

Адам жадында ұмылмастай сақталып, оқта-текте жаңғырып қоятын үлкенді-кішілі оқиғалар болады. Сондай елеулі мезеттердің бірі — жоғарыда өзім куе болып, өз құлағыммен естіген Шерхан Мұртазаның Орталық Комитеттің хатшысы Өзбекәлі Жәнібековпен телефонмен тілдесуі.

Бұл бұлдыр әңгімеге қатысты жағдайды сол кезде Орталық Комитеттің идеология бөлімінде жауапты қызмет істеген, осыдан бірер жыл бұрын “Социалистік Қазақстанда” редактордың орынбасары болған белгілі қаламгер Ербол Шаймерденұлы талай жыл өткеннен кейін ашық жазды. Саяси Бюро отырысы жөнінде өріптесіміз өзінің “Газет қалай “Қазақстан” атана жаздады” деген естелігінде егжей-тегжейлі баяндайды.

“...Газеттің атын өзгертуге қатысты бір оқиға оралады. 1991 жылдың жазы болатын. Тәуелсіздік жариялануына әлі жарты жыл бар. Бірақ сол бағыттағы өзгерістер барынша көбейіп, республика өмірінің барлық саласына дендеп еніп келе жатқан кез. Әсіресе, рухани саладағы сілкініс өзгеше. “Социалистік Қазақстанның” атын өзгерту туралы мәселенің де саяси астары тереңде жатыр. Шерхан Мұртаза бастаған ұжым ұсынысы — басылымның атын “Қазақстан” деп өзгерту. Әлі одақтас республика санатындағы мемлекеттік мәртебеге көңіл толмаушылық, әріге мегзеушілік айқын сезіледі. Қоғамдық пікірден де, ел басшылығының ойынан да алшақ емес. Бірақ, бұл әлі кейбіреулер үшін тосын екені аян.

Мәселелер 1991 жылғы 5 маусымда қаралды. Қазақстан КП Орталық Комитеті Саяси бюросының күн тәртібіне “Социалистік Қазақстан” газетінің атын және республикалық партия газеттерінің ұрансөздерін өзгерту туралы” деген мәселе қойылды. Әрі тарт, бері тарт талқылаудан кейін, жөн бергенде, оң шешім қабылданып кетті. Тиісті қол да қойылды. Қаулыда: 1. “Социалистік Қазақстан” редакциялық ұжымының газеттің атын өзгерту туралы ұсынысы мақұлданып. Және ол 1992 жылдың 1 қаңтарынан бастап “Қазақстан” деген атпен шығарылысын. 2. “Социалистік Қазақстан” газетінің ұрансөзі етіп “Егемен болмай ел болмас!” деген қанатты сөз, “Казахстанская правда” газетінің ұрансөзі етіп: “За гуманизм и демократию” сөзі бекітілсін” деп тайға таңба басқандай анық жазылған еді.

Бірақ, бұл шешімнің ғұмыры өте қысқа болды. Әртүрлі себептермен сол күні-ақ қаулының басқа нұсқасы дүниеге келді. Газет “Егеменді Қазақстан” аталатын болды да, ұрансөзі — “Азаттық. Теңдік. Туыстық!” деп қайта айқындалды. “Казахстанская правда” газетінің ұрансөзі өзгеріске ұшыраған жоқ.

Жаңа нұсқа сол кездегі бас идеолог — халқымыздың аялуы перзенттерінің бірі Өзбекәлі Жәнібековтің өз қолымен жазылды. Кім біледі, ел арманына айналған “егемен” сөзі бірден “менмұндалап” тұрсын деген игі ниеттен туған да болар?! Мүмкін, әр саяси қадамды безбендеп отыратын, әлі Мәскеу төбеден қарап тұрған сол кезеңде ұрансөздегі өткір ойды осылайша жұмсарту қажет болар деген сақтық жеңген шығар?! Қалай болғанда да бас басылымымыздың сол қабылдана сала өзгерген атпен шығып келе жатқанына да биыл, міне, он екінші жыл”. (“Жәдігер”, 295-бет. Астана. 2004 жыл).

Нақты істің ортасында жүрген, тікелей Өзағанден байланысып отырған бөлімнің жауапты қызметкерінің сөзі біраз жайдан хабар береді. Байқаған боларсыздар, біз білмейтін күпия. Қаулыда жаңа атқа ие болған газетіміз тек алдағы 1992 жылдың 1 қаңтарынан бастап “Егеменді Қазақстан” боп тарауы керек екені тайға таңба басқандай анық көрсетілген.

Жарты жыл... Кім бар, кім жоқ?! Кетеуі кеткен ұлы державаның — қызыл империяның іргесі сөгіліп, шаңырағы шайқалып тұрған шақтың мүмкіндігін уыстан шығарып алмаған жөн. Жербауырлап жеткен жаңалықтың әсері — әлсіз, мерейі — мәңсіз. Газеттің фирмасы дайын болған күні, ырғалып-ырғалмай бас редакторымыз тәуекелге бел буып батасын берді.

Сөйтіп, ЦК-ның шешіміне қарамастан “Егеменді Қазақстан” қалың оқырманына асыға жол тартқан. “Социалистік” тіркемесінен осылай құтылған едік.

Тарихтың өзі, шындығында, жарқыдардан құралса керек.

1991 — 2006 ж.